

IT хабтың әлеуеті зор  
2-бет



Жамбас жүрген жерде пышақ жүреді  
4-бет



Шапағатты Кеңкем  
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАҢДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБІ, 2 ЖЕЛТОҚСАН, 2023 ЖЫЛ №135 (23 311)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

## АЛТЫ САҒАТТЫҚ АШЫҚ ӘНГІМЕ

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жана форматта облыс орталығындағы үлкен ХҚКО-да халықпен кездесті. Жалғыз өзі ғана емес, басқарма мен ведомство басшылары да осы арадан табылды. Бұл – бұған дейін өңірдің барлық қала мен ауданында өткен 25 кездесудің қорытындысы. Бұл жолы 6,5 сағатқа созылған кездесу рекордтық көрсеткішке ие болды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың әкімдердің халықпен кездесуі туралы арнайы Жарлығында жазылғандай, халық талап етті, әкім уақытпен санаспай тұрғындарды қабылдап, сұрақтарына жауап берді. Ал, кездесуге келгендердің 89-ы облыс әкімінің өзіне жүгінді.



ҚАРАҒАҢДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

РЕСМИ  
**Теміржол билетіне 25% жеңілдік**

«Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы жолаушылардың түрлі санаты үшін теміржол билеттерін сатып алу кезінде жеңілдіктер алуға мүмкіндік беретін «Алтын», «Күміс», «Жастар» және «Саяхатшы» дисконттық карталарын ұсынады.

Жәлел ШАЛҚАР  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Алтын» картасы 15 жастан асқан жолаушыларға компанияның барлық пойыздарына 25% жеңілдік береді. Картаның құны – 19 999 теңге. «Күміс» картасы әлеуметтік маңызы бар пойыздарға 25% жеңілдік береді және 7 999 теңгеге қолжетімді. «Жастар» картасы 16 жастан 25 жасқа дейінгі жолаушыларға арналған. Оның құны – 3000 теңге. Мұнда да 25% жеңілдік бар. Ол белгілі бір маршруттардағы қала маңы және коммерциялық пойыздарға таралады. Барлық карталардың жарамдылық мерзімі іске қосылған сәттен бастап бір жыл екенін айта кеткен жөн.

Ал, «Саяхатшы» жеңілдік картасы – «Тальго» пойыздарында жиі жүретіндер үшін. Карта тегін беріледі және оның қолданылу мерзімі – екі жыл.

«Саяхатшы» жеңілдігінің мөлшері жолаушының өткен жылғы сапарларының сомасына байланысты 100 000-нан 150 000 теңгеге дейін, жеңілдік мөлшері – 10%, 150 001 теңгеден 200 000 теңгеге дейін, жеңілдік мөлшері – 15%, 200 001 теңгеден астам жеңілдік мөлшері 20%-ды құрайды.

Картаны билеттерді офлайн/онлайн сатып алу кезінде пайдалануға болады. Айта кету керек, карталар атаулы болып саналады және үшінші тұлғаға беруге тыйым салынады. Картаны теміржол вокзалдарындағы компанияның билет кассаларында ғана рәсімдеуге болады. Бұл ретте жеке куәлікті, электрондық пошта мекенжайын және уялы телефон нөмірін көрсету қажет. Карталар саны шектеулі.

ҚАУІПСІЗДІК

**Газбен жүретін көлікке талап күшейді**

Бұдан былай газбен жүретін көліктерге арнайы белгі орнату шарт. Аталған өзгеріс алдағы 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ел ішіндегі қауіпсіздікке назар аударымай жатқан жоқ. Осыған сай, Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті тарапынан бұйрығы бойынша, ұлттық стандартқа толықтырулар енгізілді.

ҚазСтандарт баспасөз қызметінің мәліметінше, Ішкі істер министрінің бұйрығымен бекітілген Жол қозғалысы ережелеріндегі жаңа өзгеріс әрбір қазақстандыққа міндетті болып саналады.

Баса назар аударар жай – газбен жүретін көліктер немесе газ баллондарын тасытын көліктер «!» белгісі және «GAS» деген жазуы бар кара жиекті сары түсті белгі жабыстыруы керек. Бұл белгі көлік жабық тұрақтарға кірген кезде оңай танылатындай етіп орнатылуы керек. Сайып келгенде, бұл әрбір азаматтың өз қауіпсіздігі дейді мамандар. Арнайы белгі көлік тұрағындағы қай көлікпен қатер барын бірден ұқтырады және қауіпті болдырмауға бірден-бір көмек.

Салтанат ЛИЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

**Жыл бойғы кездесу қандай нәтиже берді?**

Жыл басынан Ермағанбет Бөлекпаев өңірдің қалалары мен аудан тұрғындарымен өткізген 25 кездесуде сегіз мыңға жуық адамды қабылдаған. Дәл осы кездесулерде 800-ден астам сұрақ қойылыпты. Бірі – сол жерде шешілсе, дені ұзақ мерзімді болғандықтан, облыстық бюджетті қарастыру кезінде ескерілмек.

– Жыл бойғы халықпен кездесуді Қарағанды қаласымен аяқтап отырмыз. Бұған дейін әріптестеріммен бірге жергілікті жерлерде халықпен кездестік. Көтерілген мәселелердің басым бөлігі – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, үй мәселесі, білім саласы. Сұрақтардың сол мезетте шешілгендері де бар. Ал, уақыт және қаражатты қажет ететіндері облыстық бюджетті қарастыру кезінде ескеріледі, – деді Ермағанбет Қабулаулы.

2-бет



МӘСЕЛЕ

## Ұры басынып ұрлайды

Ертеректе біреуде есесі не кегі кеткен жан сол адамның малын барымталайтын еді. Іңірде іңірттеген көп жылқының ішінен саяқ жүрген бірен-саран құлық, тай-байталын алдына сап қуып кетеді. Кейде, тіпті, бір үйір жылқыны да айдап, таудағы тасаға жасырады деуші еді үлкендер. Бұл бекер емес, есептесу болса керек. Ал, бүгінгінің ұрысы танымайтын-білмейтін кісінің қорасынан қолындағы қорын, алдына тосқан асылын алудан эсте арланар емес. Ағайын атойлатып аламан шабар арғымақтың арам пиғылмен пышаққа түсуі бұл ең әуелі қазақ деген атымызға сын емей немене?! Қорадағыны қолды еткен қос қаскөйге бұл ақыл ма, нақыл ма, ол енді маңызды емес. Қолға түсті.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Шағымданушы құзырлы орынға жүгінгеннен бастап, облыс аумағында 17 блок-бекеттер қойылып, тексеру шаралары ұйымдастырылды. Осыған сай, Шет ауданы блок-бекетінде қос күдікті ұсталған-тын. Оның бірі – 23, ал, екіншісі 54 жастағы ер адамдар. Қазіргі таңда екеуі істеген істерін мойындап, ұрлықтарын қалай жасағанын баяндап берді. – Олар Шет ауданынан бәйге атын ұрлап, оны сойып, мүшелеп үлгерген, – деді облыстық полиция департаменті криминалдық полиция басқармасының бастығы Аслан Өскембаев.

Шімірікестен істегендерін жіпке тізгендей етіп жеткізген күдіктілер қылмыскерге айналды. Бұл ретте заң талабы – аталған факт бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-1 бабына сәйкес, қылмыстық іс қозғау. Іс қозғалды, сотқа жолданды. Құны 1 млн. 500 мың тұратын жануардың жазығы қара-құра қазаққа ескірімес естелік сыйлау еді. Ақыры қазаннан бірлік шықты.

Облысқа мал ұрлау қылмысы таңсық емес. Алайда, қорадағыны алып кету бұл, тіпті, ақылға сыйымсыз. Жалпы облыста мал ұрлығына байланысты 644 дерек тіркелген. Қазіргі таңда ол қылмыстың 574 ашылып, күдіктілер қолға түсті.



Коллекциялық Ш. Адамбаева

– Кей ағайын мал ұстауды оңай көреді. Әр нәрсенің бейнеті мен зейнеті қатар жүреді емес пе? Адал ақы малыңды сатып пұлын көрсен, солгұрлы бейнеті де жетерлік. Бөтен түгілі иесі қонына қол жүгіртуге именген тұлпардың қолды болуы және

жүреді емес пе? Адал ақы малыңды сатып пұлын көрсен, солгұрлы бейнеті де жетерлік. Бөтен түгілі иесі қонына қол жүгіртуге именген тұлпардың қолды болуы және

**Баспасөз - 2024**

**ORTALYQ QAZAQSTAN**

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**

Газетке 2024 жылға жазылу науқаны басталды. Жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермаков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда рәсімдеуге болады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай	5827,65	5891,70
		12 ай	11655,30	11783,40
Жеке жазылулар үшін	12 айға 4116	6 ай	3079,65	3083,70
		12 ай	6159,30	6167,40



Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.  
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 500.41

•USD/KZT 458.04

•RUB/KZT 5.17

•CNY/KZT 64.22

Қазақстан Ұлттық Банкінің 1 желтоқсан, 2023 жылғы дерегі бойынша



## IT хабтың әлеуеті зор



Дерекке сүйенсек, 2021 жылдан бастап, «Террикон алқабы» IT-хабында 450 стартап мен компания оқытылған. Сонымен қатар, 10-нан астам инкубация және акселерация бағдарламалары өткізіліпті. IT қоғамдастығының өкілдері облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевпен өткен кездесуде өз жобалары мен оларды жүзеге асыру мүмкіндігі мен даму әлеуеті жөнінде кеңінен айтты.



– Бар-жоғы сегіз аптаның ішінде бизнесті қалай дұрыс құруға, гипотезалармен жұмыс істеуге, көрсеткіштерді дамытуға және арттыруға болатынын үйретеміз. Бүгін аймақ басшысының назарына ең нәтижелі жобаларды ұсындық. Олардың арасында IT-бизнес те, классикалық жобалар да бар. Бірақ, уақыт өте келе IT-құрылымға көштік, – дейді «Террикон алқабының» басшысы Сабыр Ниязов.

Мәселен, KZ Tranzit компаниясы жаңа бағытты – инженерлік пластиктермен 3D басып шығаруды игерді.

– Біз сынған немесе тозған бөлшектерді үлгі бойынша қайта жасаймыз. Бұл – импортты алмастыру, логистикалық мәселелер, санкциялар және басқа да жұмыстар аясында өте қызықты тақырып. Тағы бір бағыт – медицина. Имплантаттар мен протездер. Қазір республикалық протездеу орталығымен тығыз қарым-қатынастамыз. Жемісті жұмыс істеп жатырмыз, – дейді KZ Tranzit директоры Даниил Ращупкин.

Келесі цифрлық жоба ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және мұрағаттар басқармасымен бірлесіп әзірленуде. «Жол қалай?» жол жабынының қалалық мониторингі жүйесі болашақта жолдардағы шұңқырларды автоматты түрде анықтауға мүмкіндік беретін көрінеді.

– Меніңше, бұл – серпінді цифрлық құрал. Біз Computer vision технологиясын қолданамыз және бақылау камералары арқылы жолдағы шұңқырларды анықтаймыз. Патрульдік қызметтен, жедел жәрдем көліктерінен бейне деректерді аламыз. Әрі қарай, ақпарат коммуналдық қыз-

меттерге нақты уақыт режимінде жолдарды бақылауға мүмкіндік беретін картаға шығарылады. Сондай-ақ, деректерді жинаймыз, бірақ өнім Қарағандыда пилоттық іске қосуға дайын екенін айтқым келеді, – дейді Назарбаев зияткерлік мектебінің жоғарғы сынып оқушысы Бақыт Мұмынов.

Ермағанбет Бөлекпаев картаға бірнеше позиция – жарықтандыру, жол белгілері, қар көшкірлерін қосуға кеңес берді.

Қарағандылық Айжан Хасенова – 20-ға жуық қосымшаны frontend-әзірлеуші. Оның активінде қазақ тілін үйренуге арналған Аitү мобильді қосымшасы бар. Ол сөздік адамның қорын молайтуға бағытталған және ауызекі қазақ тілінің күнделікті практикасына жарамды екенін айта кету керек.

– Мен қазақ тілін үйренуге арналған мобильді қосымша жасауды қолға алдым. Сондықтан, адамдар оны жұмыстан қол үзбей және кез келген жерде пайдалана алады. Бұл 3000 сөзді үйрену отырып, деңгейді сөйлесуге дейін көтеруге негізделген. Күн сайын жобаға қатысушы сөздер мен олардың аудармаларын жаптап алады. Бір айда үш мың сөзді толық игеруі керек. Бұл алдағы уақытта қазақ тілінде нақты сөйлеуді үйреніне кепіл болады, – дейді Айжан.

Облыс әкімі Ермағанбет Қабулаулы ұсынылған жобалардың әрқайсымен жеке танысып, бизнесті дамыту мүмкіндігіне қарай көмектесуге уәде берді, қолдауының айтты.

Өз тілшімізден  
Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

### ● ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

## Төтенше жағдайға төтеп береміз бе?

Қарағанды облысының құтқарушылары қысқы кезеңде төтенше жағдайдың алдын алу және жою бойынша «Қыс-2023» Республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуын өткізді.

Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ермек Алпысов оқу-жаттығудың барлық қатысушыларының алдына «Қыс» Республикалық командалық штабтық оқу-жаттығу өткізу кезеңіне міндеттер қойды.

Оқу-жаттығу штабының бастығы – төтенше жағдайлар департаменті бастығының міндетін атқарушы Ақылбек Ахметжанов азаматтық қорғаудың, авариялық-құтқару құралымдарының қатал қыс жағдайында туындайтын төтенше жағдайларға ден қоюға дайындығын тексерді.

Оқу-жаттығудың бірінші күні электр сиреналарын іске қосу арқылы ескерту жүйелері тексерілді.

Облыс аумағында төтенше жағдайларда іс-қимылдарды пысықтау бойынша 25-тен астам тактикалық-арнайы оқу-жаттығулар өткізілді.

Қажетті байланыс түрлерімен жабдықталған штаб шатыры, медициналық қызмет көрсету пункті, тамақтану пункті, жылыту

және психологиялық көмек пункттері орналастырылған далалық басқару пунктін жұмыссыз көрнекі түрде ұсынылды.

Қарағанды облысында ұзындығы 574 шақырым автожолдардың 590 қарлы уақсакелері күшейтілген бақылауға алынды, 28 жылыту пункті мен алты траспалық медициналық-құтқару пункті жұмысы ұйымдастырылды. Сондай-ақ, жол бойындағы сервистің 300-ден астам нысаны іске қосылды.

Қысқы кезеңде төтенше жағдай салдарын жою үшін барлық қажетті техника мен жабдықтар дайын. Төтенше жағдай департаменті қысқы жағдайда жұмыс істеу үшін 76 бірлік жоғары өтімді және инженерлік техника дайындады. Барлық жерүсті көліктері, вахталық автомобильдер белсенді тартылатын болады. Бұл әдіс облыстың ең қарлы бағыттарына таралады.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

## Алты сағаттық ашық әңгіме

(Соңы. Басы 1-бетте)

Облыс әкімі кездесудің тек аудан орталықтарында ғана емес, шағын елді мекендерде де өткенін айтты.

– Жыл бойы біз ірі және шағын елді мекендердің тұрғындарымен кездестік. Атап айтқанда, Ақадыр, Ақшатау, Шашубай, Қарағайлы және тағы басқалары. Бұл тәжірибені әрі қарай жалғастыруға ниеттіміз. Облысымыздың өркендеуіне бей-жай қарамайтынды осындай кездесулерге қатысуға және жергілікті қоғамдастық үшін маңызды мәселелерді көтеруге шақырамыз, – деді аймақ басшысы.

Ол келіп түскен барлық мәселе жүйеленіп, жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ, жауапты ведомстволардың бақылауында болатынын атап өтті. Тұрғындардың мәселелері бақылауға алынады және үнемі тексерісте болады. Соның бірі – Пришахтинск қаласы тұрғындарымен кездесуде көтерілген сұрақтар.

– Жыл басында Пришахтинск тұрғындарымен кездестім. Олар үшін ең маңыздысы – көлік қатынасы екен. Жаңа автопарк жұмысын енді бастаған қиын кезең болатын. Қазір жұмыс жолға қойылды. Автопарк бірден елуге жуық жаңа автобус сатып алды. Одан бөлек, балалар орталығының құрылысын бастадық. Дәл осындай нысанды Майқұдықта да саламыз. Осы қарқынмен жұмыс жалғаса, келер жылы көктемде құрылысы аяқталып та қалады. Сондай-ақ, балабақшада орын тапшылығы да шешімін табады. Жер телімі анықталып, құрылысты жоспарлап қойдық, – деді облыс басшысы.

Ермағанбет Қабулаулы айтқан тағы бір өзекті мәселе – Шахтерский кентінің орталық жылыту жүйесіне қосылуы. 30 жылдан астам бір ретке келмеген бұл жайт та жуырда шешімін табады.



өткенін жаздық. Арлан орталығының бірінші қабатында үстелдер қойылып, Ермағанбет Бөлекпаевпен бір мезгілде басқармалардың, департаменттер мен коммуналдық қызметтердің басшылары тұрғындардың сұрақтарына жауап берді. Қабылдау бір терезе қағидаты бойынша және электронды кезек тәртібімен өтті.

Кездесуге келген халыққа қолайлы болу үшін барлық жағдай жасалған. Мәселен, осы 6,5 сағат барысында жедел жәрдем қызметкерлері де тырп еткен жоқ. Одан бөлек, баламен келгендердің жағдайы да қарастырылған. Ол үшін арнайы ойын алаңы жабдықталып, ата-анасы қабылдауда болғанда балалары емін-еркін ойнап, уақыттарын өткізді.

Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты және мүгедектігі бар адамдар мәселелері жөніндегі облыс әкімінің штаттан тыс кеңесшісі Нияз Сүндәтәлиев те кездесуде болды. Бірақ, қабылдауға емес. Бұл жолы ол билікке базыналарын айта келген ерекше қажеттіліктері бар тұрғындарға кеңес беруге келіпті.

республикалық деңгейде шешілуі тиіс мәселелер де бар. Ондайда жоғары органдарға жүгінеміз, – дейді Нияз Сүндәтәлиев.

Айту керек, қабылдау кезінде бірқатар басқарма басшыларына жүгінгендер болмаса, енді біріне әжептәуір кезек пайда болды. Соның бірі – облыстың полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Құрманғали Ысмағұлова келушілер. Әр адамды мұқият тындап, мәселесін шешуге тырысты полиция полковнигі. Тырысып қана қойған жоқ, бірден әрекет етіп, тиісті бөлініс басшыларына тұрғындардың көзінше бейнебайланыс арқылы шығып, қатұлы қабақпен тиісті нұсқаулар да берді.

Мәселен, Павлодар тасжолының бойындағы «Мечта» саяжай қоғамының мүшелерінен бірнеше жыл қатарынан полиция арыз қабылдамаған. Айтуларына, 180-ге тарта саяжайдың 140-ы – тоналған. Бұл тонау ғана емес, көпе-көрнеу моралдерлік деп күйінеді.

– Құлыпты сындырып, ішке кіргенімен қоймай, терезе шыны-

дағы үйінің орнында үйінді ғана қалады-ау!» деп ұайымдаған тұрғын арызын полиция бөлімінің қызметкерлері қараусыз қалдырып, «жеке тәртіпте сотқа жүгін» деп жауап берген.

– Бірқатар сұрақтарды дер кезінде шешу мүмкін болса, енді біріне уақыт керек. Ал, қандай да бір іс-шаралар атқару, немесе, бөлініс мамандары керек болса, мен қол астымадағы қызметкерлермен бейнебайланысқа шығып, кездесетін уақытты белгілеп, атқарылуы тиіс іс-шараларды нақтылаймыз, – дейді Құрманғали Ысмағұлов.

### «Халық үшін қызмет еткен әкімге рахмет!»

Тоғыз жыл қатарынан әкім кездесуінен қалмай келе жаққан Мостовая көшесі, 44 үй тұрғыны Алмагүл Жанкина облыс әкіміне алғысын айтуға келген.

– Ермағанбет Қабулаулы қала әкімі болып тұрғанда көп көмегі тиді. Кезінде қаланың үлкен Михайлов бөлігінде жол да, жарық та жоқ еді. Соның бәрі қазір ретке келтірілді. Халық үшін қызмет еткен әкімге рахметімді айтып, алғыс білдіруге келдім, – дейді ол.

Алды келушілерден босамағаны бірі – Қазыбек би және Әлихан Бөкейхан атындағы аудан әкімдері. Тұрғындар ауланы абаттандыру, балалардың ойын алаңдары, үйлердің шатыры, су, жарық мәселелерімен келіпті.

Облыс орталығындағы ең үлкен аудандардың бірі – Әлихан Бөкейхан атындағы аудан әкімі Досбол Күлекеевтің кездесуі барысында алды адамнан, қолы жазудан босаған жоқ. Келушілердің сұрақтарын мұқият тындап, әрқайсысына байыппен жауап берген әкім шаршаса да, сыр бермеді. Кездесуден кейін де шаруасы шаш етекпен тәртізді. Ол алдындағы қағазынан-ақ белгілі. Ешқайсысын қалт жібермей, түртіп жазып алып отырды.

– Келушілердің барлық мәселелерін жазып алып, қайсыбірін дереу реттеп жатырмыз. Мәселен, есік алдында қураған ағаштар көп деп келгендер бар. Жазда мердігерлердің болмауына байланысты, жұмыстарды жасай алмаса да, қазір атқарып жатырмыз. Мердігермен осы жерде байланысқа шығып, келушілердің сұрақтарына олардың өздері жауап берді, – дейді Досбол Батырбекұлы.

Сұрыптау, Пришахтинск сияқты елді мекендер кіретін ең үлкен ауданда, әлбетте, түрлі проблемалардың болатыны анық. Анығында, дәл осы жерлердің біраз көшелері әлі абаттандырыла қоймаған. Дегенмен, жайлап болса да, жұмыс жүрде. Аудан әкімдігі біраз көшелер жарықтандырылып, асфальт бермаса да, лайланбау үшін тас төсеу, біршама тегістеп қойған.

«Бір жылда бәріне үлгеру мүмкін емес» деген әкім кездесуге шағыммен емес, алғыспен келгендердің бар екенін де айтады.

– Биыл Пришахтинск қаласында Өуезов көшесінің жолын дұрыстап, жарықтандыру мәселесін шешіп берген едік. Сол үшін халық дән риза. Кездесуге арнайы келіп, рахметтерін айтып кетіп жатыр. Бұл – бір ғана мысал. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, халықтың жергілікті мәселесі толығымен шешілуі тиіс. Мәселен, жол, жаяу жүргіншілер жолы, көлік қатынасы сияқты мәселелерді оң шешуге болады. Жұмысымызды әрі қарай жалғастыра береміз, – деді Досбол Батырбекұлы.

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



– Кварталішілік желілерді реттедік, қосуға дайынбыз. Енді тұрғындармен бірге үйішілік желілерді жөндеу және қалпына келтіру мәселесі қалды. Қазір Қарағанды әкімінің тиісті жұмыстарды жүргізуде. Шахан кентіндегі тәртізді тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы орталығы арқылы пайызсыз несие беріп, 50-ден астам үйді орталық жылу желісіне қосуға тырысамыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

### Бұқарамен бетпе-бет

Жоғарыда быыл облыс әкімінің халықпен кездесуі жана форматта

Ол мұндай кездесулер халықтың шенеуніктермен бетпе-бет кездесіп, түрлі сұрақтарға жауап алуға мүмкіндік беретінін айтады.

– Өңір басшысы мүгедек адамдар мен ерекше қажеттіліктері бар балалардың мәселесін жеке бақылауында ұстайды. Қарағандыда Теп Qoqam мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығы жұмыс істейді. Сұрақтардың бір бөлігін орталық арқылы шеше алсақ, онда қызметкерлер жедел көмек көрсетеді. Ал, егер басқармалардың құзыретінде болса, біз олардың өкілдерімен кездестіреміз. Десе де,

ларын сындырып кеткен. Полиция бөлімінің табалдырығын тоздырғанымызбен, арызымызды қабылдамаған. Тіпті, уақытымыз жоқ деп, бірнеше сағат отырғызып қойған кездер де болды. Ал, күнде бара беруге уақыт та болмай қалады. Табылса, бір шешімі осы жерден табылар, жанайқаймыз жетер, көмек көрсетер деген оймен келдік кездесуге, – дейді «Мечта» саяжай қоғамының мүшелері.

Ал, аты-жөнін жасыруды сұраған осы қоғамның мүшесі өзінің саяжайы үш рет тоналғанын айтады. Күндердің-күнінде «Саяжай-



• ВИЦЕ-МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

# Қала мен дала қатар дамиды

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Омарбеков Қарағанды облысындағы әлеуметтік нысандарды аралау барысында осылай деді.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірге жұмыс сапары барысында Бауыржан Бақытұлы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында жүзеге асырылған жобалардың сапасын бағалады. Атап айтқанда, ол Осакаров ауданы Озерное ауылында бір ауысымда 25 адам қабылдайтын фельдшерлік-акушерлік пунктке барды. Жобаның құны 162,3 млн. теңгені құрайды. Қазіргі уақытта нысанды қабылдау жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ, аталмыш бағдарлама бойынша 262 млн. теңгеге жолдарды орташа жөндеу, 653 млн. теңгеге мектеп ғимаратын және 134,6 млн. теңгеге ауылдық мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізу жоспарланған.

Бұдан бөлек, вице-министр әкімдік ғимаратында жергілікті тұрғындармен кездесу өткізді. Шараға қатысушылар әлеуметтік нысандарды жөндеу және салу, газбен жабдықтау, жолдарды жөндеу мәселелерін көтерді. Өз кезегінде вице-министр азаматтар көтерген барлық мәселелер мен ұсыныстар міндетті түрде қаралатынын атап өтті.

Сонымен қатар, Бұқар жырау ауданы, Баймырза ауылында Б.Омарбековке «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша күрделі жөндеуден өткен мәдениет үйі таныстырылды. Бағдарлама аясында ауылдың сегіз көшесінде 2021



Сурет облыс әкімінің сайынан

жылы 104,7 млн. теңгеге ауылшілік жолдардың орташа жөндеу жұмыстары аяқталды.

Жалпы, өткен жылы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша облыстың 21 ауылында 42 жобаны (оның ішінде 22 әлеуметтік нысан, 20 ауылшілік жол) іске асыруға 3,5 млрд. теңге бөлінді. Биылғы жылы 3,6 млрд. теңгеге 12 жобаны іске асыру жоспарлануда.

Ұлттық экономика вице-министрі Саран қаласына да барды. Саран тұрғындары қазандықтық іске қосылуын асыға күтуде. Қазіргі уақытта құрылыс-монтаждау және жабдықтау жұмыстары аяқталуда. Сонымен қатар, тұрғын үйлерге жылу желілері салынуда. Іске қосу жұмыстары келесі жылы басталады. Іске қосылғаннан кейін мұнда 250-ге жуық тұрақты жұмыс

орны құрылады. Жоба құны – 8,4 млрд. теңге.

Сондай-ақ, Б.Омарбеков Silk Road Electronics тұрмыстық техника өндіру зауытының қызметімен жете танысты. Бүгінде заманауи автоматтандырылған кәсіпорында өнімнің таңдир түрі шығарылууда. Бұл электр су жылытқышы, шаңсорғыш, түрлі пештер, ас үй сорғышы, жартылай автоматты кір жуғыш машина және теледидар. Аталған заманауи техника бірыңғай Artel брендіне тиесілі.

Зауыттың толық қуаттылығы 2025 жылға қарай жылына 1,1 млн. өнімді шығаруға қауқарлы. Бастапқы кезеңде мұнда Саран, Шахтинск және Қарағандының 400-ге жуық тұрғыны жұмысқа орналасатын болады. Болашақта қызметкерлердің санын 1200-ге дейін арттыру жоспарлануда.

Бұдан әрі вице-министр Қазақстан нарығына және тауау шет елдерге жылына 3,5 млн. шина шығаратын «KamaTyresKZ» зауытының құрылыс барысымен танысты. Өндіріс жыл соңына дейін бастау алады. Жобаны іске асыру үшін 482,4 млн. доллар көлеміндегі инвестиция тартылды. Құрылыс толық аяқталып, пайдалануға берілгеннен кейін зауыт 1 116 тұрақты жұмыс орнын қамтамасыз етеді.

Бауыржан Омарбеков барған келесі нысан Қарағандыдағы Гематология орталығы. Төрт жылдан астам уақыт бойы орталық облыстық клиникалық аурухана ғимаратының бір қабатында жұмыс жасады. Биыл медициналық ұйым Қарағанды және Қарағанды облысының гематология саласындағы құзыреттілік орталығы ретінде жеке ғимаратта ашылып, аумағы екі еселенді.

Жоба мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында іске асырылды, оның құны 102,2 млн. теңгені құрайды. Бүгінде орталықта қан аурулары бар науқастарға барлық қажетті медициналық көмек түрі көрсетіледі.

Сондай-ақ, Теміртау қаласында вице-министр жастар үйіне барды. Мыңнан астам адамды қамтитын әлеуметтік нысан қаланың шығыс бөлігінде орналасқан. Жылдар бойы құрылысы тоқтап тұрған ғимарат бұрынғы колледж болған. Мұнда өткен жылдан бері қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Жастар үйінде 150 орындық акт залы, спорт және би залдары, екі коворкинг-орталық болады деп күтілуде. Мұнда еріктілер мен жастар ұйымдарын орналастыру, дыбыс жазу студиясын ашу көзделген. Қазір құрылыс жұмыстары аяқталды. Құны 666,8 млн. теңге болатын нысанды жыл соңында тапсыру жоспарланып отыр.

• БРИФИНГ

# Жастардың үш пайызы – құмар ойынға тәуелді

Облыс халқының 30 пайызға жуығы – 15-35 аралығындағы жастар. Олар әртүрлі әлеуметтік-экономикалық шараларға қатысты қоғамның белсенді тобы. Осы орайда жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма бірнеше тақырыпта әлеуметтік сауалнамалар жүргізген. Облыстың алты қаласы мен жеті ауданындағы жастар белсенді қатысып, өздерін толғандыратын оймен бөлісті. Әлеуметтік сауалнамада «Әлеуметтік жетімдіктің себептері мен салдары: Қарағанды облысының тәжірибесі» атты өзекті мәселе қозғалған.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жастарды қорғау бағытындағы мемлекет қолға алған шаралардың тиімділігін бағалау – осы санаттағы тұрғындардың әлеуметтік көңіл-күйін таразылаумен, бақылаумен байланысты. Бұл тұрғыда жастар басқармасы тарапынан жыл сайын әлеуметтік зерттеулер жүргізіледі. Зерттеулердің тәжірибелік мәні бар. Қорытындысына сай, келер жылдың нақты жоспарын жасаймыз, – дейді облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Біржан Әлімжанов.

Басқарма мамандарының сөзіне сүйенсек, әлеуметтік сауалнамаға өңірдің 5000-нан астам жастары қатысты. Бірқатар өзекті мәселелер анықталды. Зерттеуге

шығады. Жауапкершіліктен бас тартып, ішкілікке салынған ата-ананың әсерінен бала қадағалаусыз жүреді. Ата-анаға керексіз болып қалған бала тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырап, құқықбұзушы қатарын толтырады.

Бұл орайда елдегі отбасы институтының жұмысы әлсірегенін айта кеткен жөн. Бұлай қорығынды жасауға ел көлемінде баласын тастап кеткен ата-аналар санының 101-ге артуы себеп. Некесіз бала туу мен ажырасу санының көбеюі де ата-ана қамқорлығынсыз қалған бала санын арттырып тұр.

– Әлеуметтік жетімдік – өзекті мәселе. Өкінішке орай, балалар әртүрлі себептерге байланысты ата-ана қамқорлығынсыз қалып, түрлі жағдайға ұшырайды. Бұл жағдайда қоғам мен мемлекет балаларды дамыту және тәрбие-



өзекті тақырып қатарында әлеуметтік жетімдік пен әлеуметтік жетімдік бар. Өкінішке қарай, Қарағанды облысы жетім балалардың саны бойынша көш бастап тұр.

Заңның 27-бабында «балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті» делінген. Өкініштісі сол – қоғамда жетім қалған балалар саны артууда.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің саясаттану және әлеуметтану кафедрасының оқытушысы Татьяна Резвушкинаның айтуынша, әлеуметтік жетімдік соңғы жылдары едәуір ұлғайды. Оның негізгі себептері ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігінің төмендеуімен байланысты. Оған қоса жас отбасының материалдық-тұрмыстық қиындықтарға төзе алмауы бар.

– Көп жағдайда біз биологиялық ата-анасы бар, бірақ, ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына, хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, немесе өлді деп жариялануына байланысты балаларды әлеуметтік жетім қатарына қосамыз. Сондай-ақ, ата-анасы баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтарса, жалғызбасты ата-ананың немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған бала болса да осы қатарға қосылады.

Қазіргі таңда Қазақстанда ата-ана қамқорлығынсыз қалған және жетім балалардың саны – 4 706. Жетім қалғандар арасында үл балалар саны – 2095. Жетім балалар санының көбеюі сот шешімімен ата-ана құқығынан айырылған отбасыларда кездесіп отыр. Шамамен балалар 7-10 жасында ата-ана қамқорлығынсыз қалады, – дейді Татьяна Резвушкина.

Ал, сауалнамаға қатысқан судьялардың пікірінше, ата-ана құқығынан айырылғандардың дені – жұмыссыз, алкогольдік ішімдіктер немесе есірткіге тәуелділер.

Әлеуметтанушының сауалнамасынан түйгеніміз, әлеуметтік жетімдік қолайсыз отбасынан

леу жауапкершілігін өз мойнына алады. Бірақ, отбасы институтының ата-аналармен жұмыс жүргізуі арқылы балаларға қорқынышсыз, жарқын өмір сыйлауға болады. Отбасындағы тәрбиеден кеткен қателік баланың қоршаған ортаға көзқарасын бұзады, оның қандай адам болып қалыптасатынына теріс ықпал етеді, – дейді Татьяна Резвушкина.

Оған қоса әлеуметтік жетімдікті болдырмау мақсатында баланы отбасына қайтару жұмыстарына еке-шешелері атсалыспайды. Баласын тәрбиелеуден оңай бас тартқан ата-аналарға жаза қолдану мәселесі де жүзеге аспай тұр.

Брифингке қатысқан облыс әкімдігі жанындағы жастар ісі жөніндегі Кеңес мүшелері, ЖОО проректорлары өз пікірлерін білдірді. Онлайн сауалнамада студенттер ойынқұмарлыққа қатысты ойларын білдірді.

Әлеуметтанушының айтуынша, ойынқұмарлық дерті елімізде өршіп тұр. Аталған дерт медициналық мекемелерде емделмегендіктен, психологиялық ауру ретінде де тіркелмейді. Бас тітуге бастайтын ойынқұмарлық сондай-ақ, қаншама жастың өліміне әкеліп соғуда.

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының мәліметіне сүйенсек, еліміздегі 14-28 жас аралығындағы жастардың әрбір бесіншісі лудомания құрбандары. Биыл құмар ойын ойнайтын жастардың саны өскен. 2022 жылғы зерттеуде жастардың 1,2%-ы құмар ойынға тәуелді екені анықталса, биыл бұл көрсеткіш 3%-ды құраған.

Брифинг ұйымдастырушыларының айтуынша, аталған әлеуметтік зерттеулер арқылы жастарды дамыту бағытын қолға алып, атқарып жатқан шаралардың тиімділігін бағалау үшін осы санаттағы тұрғындардың әлеуметтік көңіл күйін жүйелі түрде бақылап, таразылап отыру қажет.

Мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру үшін жастардың негізгі мәселелері мен үрдістеріне, ерекшеліктеріне қатысты тұрақты сараптама жасап отыру – маңызды.

• ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНДА

# Қолдау экономикаға екпін береді

2025 жылға қарай шағын және орта бизнес үлесін 50%-ға дейін арттыру – стратегиялық міндет. Ел экономикасының барлық салаларында шағын нарықтық құрылымдардың қалыптасуы экономикалық процестердің жаһандық экономикалық тенденцияларына сай етеді. Биыл бизнесті қаржылай қолдауға республикалық, облыстық бюджеттен 23 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді. Бұл бес мыңнан астам бизнес-жобаны қаржыландыруға мүмкіндік берген. Сәрсенбі күні қоғамдық кеңес мүшелері кезекті отырыс аясында өңірдегі бизнес ахуал төңірегінде сөз өрбітті.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен сөз алған облыстың кәсіпкерлік басқармасының басшысы Дастан Құдабаев:

Өңдеу өнеркәсібі саласындағы кәсіпкерлерді қолдау назарымызда. Айталық, осы жылы 8,5 млрд. теңге инвестиция сомасына экономиканың өңдеуші секторының 87 жобасы субсидия алды. Атаулы субсидиялау құралымен барлық инвестициялық портфельдің 35%-ы қамтылды. Осы тұста Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша өңірде жеңіл өнеркәсіпті дамыту міндеті қойылғанын атап өткім келеді. Биыл біздің жетекші өндірушілер «Даму» қорының субсидиялауы мен кепілдігін пайдаланды. Атап айтсақ, «Тэгам» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «Абай тігін фабрикасы» айналым қаражатын толықтыру үшін мүмкіндікті сәтмен пайдаланды, – деген мәліметті алға тартты.

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде бизнесті қолдаудың тағы бір маңызды құралы болып, жетіспейтін инфрақұрылымды жүргізу екендігін біреу білсе, біреу білмес. Осы жылы өңірлік үйлестіру кеңесінің отырысында 26,8 млрд. теңге инвестиция сомасына төрт жоба бақылауға алынған. Нұра, Қарқаралы аудандары мен Саран қаласында су тарту құрылыстары, су құбыры мен көріз желілері, электрмен жабдықтау және газ құбырын жүргізу жобалары кезекте тұр. Жоғарыда аталған қаржылық қолдау шаралары негізінен жұмыс істеп тұрған бизнеске бағытталған. Ал, тын бизнес-идея, соны стартап жобасын іске асыру үшін әрқайсысы бес млн. теңгеге дейін гранттық қаржыландыру құралының пайдаланылуына қолдау берілді. Бір қарыз алушыға ең жоғары лимит – бес жылға дейінгі мерзімге 50 млн. теңгеге дейін. Өткен жылдың ауыспалы қаражатын ескере отырып, жалпы инвестициялық портфель 1,5 млрд. теңгені құрайды.



қа қатысуға барлығы 610 өтінім түскенімен, қатысуға 410 өтінімге рұқсат етілген. Конкурстық комиссия қорытындысы бойынша облыстың 11 өңірінен 30 жеміспаз анықталған. Жобаларды іске асыру нәтижесінде 100 жаңа жұмыс орны құрылмақ. Жоба иелерінің көбісі экономиканың өңдеуші секторын дамытуға мүдделі.

Енді аймақтық деңгейдегі қаржылық қолдау амалдарына тоқталып өтсек, бизнесті қаржылық қолдауды кеңейту мақсатында «Даму» қорымен бірлесіп, «Кәсіпкер» өңірлік бағдарламасы әзірленіп, іске асырылғанын былайғы ел біледі. Бағдарлама облыс орталығы мен моноқалаларда экономиканың басым секторларын қолдау үшін әзірленген. Бизнес үшін түпкілікті мөлшерлеме 7%-ды құрайды. Бір қарыз алушыға ең жоғары лимит – бес жылға дейінгі мерзімге 50 млн. теңгеге дейін. Өткен жылдың ауыспалы қаражатын ескере отырып, жалпы инвестициялық портфель 1,5 млрд. теңгені құрайды.

Бүгінде 1,1 млрд. теңге сомасына 33 жоба қолдау тапты. Өңірлік қолдаудың арқасында Қарағандыда жанадан инвентус фитнес клубы, фотосалон Балқашта мейрамхана ісін жолға қойған. Сондай-ақ, қабырға блогы, құрғақ қоспалар, бояу, құрама темірбетон конструкцияларын, кондиционер, матрас және тамақ өнімдерін өндіру ісі қайта жанғыртылды.

Қаржылық қолдау шараларының нәтижесінде бизнестің іскерлік белсенділігінің өсуі байқалады. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 12,2%-ға артып, бүгінде 100,5 мың бірлікке жеткен. Биыл 11 мыңнан астам жаңа компания ашылды. Осы секторда жұмыспен қамтылғандар саны 8,9%-ға (242256 адам) өсіп, облыстың барлық жұмыспен қамтылған халқының 45%-ын құрайды.

Шағын және орта бизнес өнімдерінің өндірісі 3,4%-ға артып, шамамен 1,2 трлн. теңгеге жетіп жатыр. Бағдарламаны іске асы-

рудың әлеуметтік әсері 14 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құру деген сөз. Жалпы, мемлекеттік деңгейде шағын және орта кәсіпкерлікті сапалы қолдау өте маңызды. Бүгінгі таңда шағын және орта бизнес бұл өз өндірісін, халықты жұмыспен қамтуды, ішкі нарықты оғандық тауарлармен толтыруды және бәсекелестік ортаны қалыптастыруды қамтамасыз ететін облыс пен елдің экономикалық дамуының тірегі.

Қоғамдық кеңес мүшелері спикер мәлімдемесін қызу талқылады.

Мемлекет жұмыс істеп тұрған бизнесті де, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді де барынша қолдайды. Қоғам белсенділері мемлекеттік органдардан барлық істерде мүмкіндігінше ашық болуына мүдделі. Алайда, грант ала алмаған кейбір жас кәсіпкерлер шағымданып жататынын да жасырмады. Жастар «Грантты тек пара бергендер ғана алады» деген тосын уәжге Дастан Амангелдіұлының берер жауабы даяр болып шықты.

– Олар бетпе-бет келіп, кімге жалпы қанша бермекші екенін. Сосын сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке бірге барайық. Грантты саралау кезінде комиссия құрамына елге белгілі құрметті азаматтар енді. Бұған қоса, алқа ісін бақылаушылар да қатысты. Өр жоба қворум шегінде хаттамаға толтырылды. Мұндай мөлдір шартқа келіспей жататын кез келген кәсіпкер, тіпті, өз көзқарасын сотта қорғауға құқылы, – деп түйінделі сөзін өңірдің бас кәсіпкері.

Суретті түсірген автор



• ҰЛТ ПЕН РУХ

# Қоршаған орта

**Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ**

(Басы газеттің №№ 86, 89, 92, 95, 100, 103, 106, 112, 115, 118, 123, 126 сандарында)

## Алтын табақтағы бақа

«Бақаны алтын таққа отырғызғаныңмен, батпағын көрсе қарғып түседі» (ФБ). Гажап сөз екен!

## Ер мен ел

Ер мен ердің, ел мен елдің арасына от салып, «Шоқ! Шоқ! Шоқ!» – дейтіндер күн сайын көбейіп барады... Екі кісі араз болса; екі езуі екі құлағында, – маз! Сонымен напақасын тауып, талтандап жүре береді.

Қазақтың үш жүзі – адамның жұмыр жүрегінің үш бұрышы секілді. Оны үшке бөлген пенде – нағыз қарабет! Атырау – Арқа – Алатау – Алтайға дейінгі ұшы қиырсыз жеріміз де – біртұтас! «Бөлінгенді бөрі жейтінін» түсініп, түйсінетін заман келді.

## Әсет пен

### Алаш арыстары

Әсет Ахмет пен Міржақыптың алдында ән айтуға қысылыпты. Неге өйтпін деп кейін сұраса: «Ей, қарағым-ай! Онда қонақ болып отырып, ән салуымды сұрағандар бір дария-теңіз, асқан ақын адамдар. Мен олардың қасында кішкене бір бұлақпын. Олардың алдында өзіңді байқап, аяғыңды абайлап баспаң бола ма?», – депті.

Осындай көшелі жанның Абаймен тәжікелесуі мүмкін бе? Ендеше, Абайдың «Көзінен басқа ой жоқ...» атты ашы, мысқыл өлеңі Әсетке арналмаған!

## Поэзия

Поэзия – адам рухының азаттық пен бостандықты аңсап, аласұрып, азап шегуі һәм сол аласұрып айтқан асқақ ләззат алып, рахатқа кенелуі гоі! Басқа тұк те емес!

## Тек

Сенің бүгінгі кедейлігің түк емес, арғы атаң бай-бағлан, текті, бекзат болса, – соның шапағаты жеті атаңа бір жетеді, – санаңда сәуле (Абай) болса-деп еді, қайран, әкем.

• ТАНЫМ

# Жамбас жүрген жерде пышак жүреді

**Төрехан МАЙБАС, жазушы-этнограф**

Қазақ баласы не тапса да, маңдай терімен тапқан. Қазіргідей Алла береді деп алақанын жайып отырмаған. Сол маңдай терін төрт түлігін төбелетіп өсіруге жұмсап, берекетін алған.

Берекеті деп отырғанымыз малымыздың адалдығы. Бұл өзі бүгінде қалтарыс, құпиясы көп кепке айналған. Сырт көзге бәрі дұрыс көрінгенімен, шын мәнінде, қызықтаған қызылымыз адалынан болмай жатады.

Наным-түсінігіміз бойынша төрт түлігіміз – жаратушымыздың бізге адалынан бұйыртқан малы. Алайда, сол адалдық жолын бүгінде ұзартып алған жайымыз бар. Тіпті, адасып қалғанбыз десек те болады.

Мал сойған жұрт адалда дегенді шығарып алды.

Бездеу деп айтушылары да ұшырасып қалады.

Талау сөзін бірде естісек, бірде естімейтін болдык.

Әрине, бұл біздің бүгінгі күнгі сөзіміз. Кешегі өткен бабаларымыз мұның барлығын тәрбиелеу деген.

Бүгінде жіліктеу, мүшелеу, талау, тәрбиелеуді әбден миықтырып алған жайымыз бар. Мал жаратқанда осы алдыңғы үш сөз міндетті түрде ойымызда тұрады. Алайда, дөптей алмай жатамыз.

Содан барып адасып жатамыз. Жұртты адастыру әлеуметтік желілерде ғана емес, қалың танымдық әдебиеттердің өзінде өріп жүр.

Бәрін қойғанда жілігіміздің өзін айыра алмайтын халде тұрмыз. Әл-желні қарасаң, тіл шұбарлығынан шығып, діл шұбарлығына еніп кеткенімізді көреміз. Жілік санына жете алмай жүр екенбіз. Энциклопедиялардың өзінде жілік саны он екіден асып жүр.

Шын мәнінде, малдың төрт аяғында сегіз ғана жілік бар.

Қос-қостан ортан жілік, тоқпан жілік, асықты жілік, кәрі жілік.

Сол жіліктерді буынынан шығаруды жіліктеу дейді.

Бұған дау айтушыларға айтарым жілікте май болады. Оны бабалары-



мыз әспеттеп жілік майы деген. Ал, жілік санатында жүрген жамбас пен жауырынан кім маған жілік майын тауып бере алады?!

Асыраймын, сәулем сені, Жіліктің майыменен...

Қызға сөз салған жігіттердің бұл өлеңі бар шаруаны айтып тұрған жоқ па?

Тілімізде «арам қатқыр» деген қарғыс сөзі бар. Бұл айтып отырған төрт түлігімізге қатысты сөз. Олай болса, оларда да бір кілтпанның болғаны.

«Арам қатқыр» деп қазақ баласы өлген малды біледі.

Қазақ баласы тап осылай айтардай қасқой емес, әрине.

Бабаларымыз малды өлтіріп жемей, жанын шығарып ас қылған. Күні кешеге дейін әке-шешелеріміздің магезін етінен бас тартуын сонымен ғана түсіндіруге болады. Өйткені, өндірістік жағдайда малды тоқпен өлтіреді.

Малды бауыздайтынмыз белгілі. Қазіргі мұсылманшылығымыз төрт аяғын байлап, «аллауэкбарды» айтсаң, жеткілікті деп отыр. Алайда, бабаларымыздың сойған малын адалдаудың өз жолы болған.

Бауыздағанмызбен малдың жаны бірден шыға қоймайды. Қанын толық шығару керек болады. Кейбір адамдардың қолы ауыр келеді, тіл тарттырмайды. Кешегі үлкендеріміз ондай қасапшылар қолына пышак ұстатпаған.

Малдың қанын ішу (жеу) біраз жұртта бар. Бізде ол адалдыққа жатпайды.

Бабаларымыз қаны шыққан-

да ғана малдың жаны шығады деп есептеген. Содан барып мал бауыздаудың өзін үшке бөліп қараған. Алдымен тамақтан бауыздап, бой қанын шығарған. Одан соң жүрегінің тіліп, дем қанын шығарған. Ең соңында жұлынның кесіп, тамыр қанын шығарған. Кейінгісін жұлындау деп те айтып жатады.

Қаннан кейін жынның кезегі тұрады. Етке тарамасын деп бірден өңешті байлап тастайды. Соңынан бөлек алып, арнайы шұңқыр қазып, соған көмеді.

Малдың жыныс бездерін, қуығын, жатырын басқа мүшелеріне тигізбей сылды. Ішек-қарнын ақтарып, май бездерін, өтті алып тастайды. Бұлардың барлығы да әлгі көміске (шұңқыр) кетеді.

Осыдан кейін ғана барып, малды мүшелеуге кіріскен.

Малда он екі мүше болады. Осы мүше, мүшелеу сөздерінің анықтығы бүгінде әбден жасықтаған. Адам баласына қаратып айтқанда да он екі мүшесін қылы айтып, жазықты болып отырған жайымыз бар. Мал баласына қаратып төрт мүше, жеті мүше дегенімізбен мұнымыз да еш танықтық әкелмей отыр.

Қарапайым тілмен айтқанда мүшеміз бөлшек деген сөз.

Әлемде тұтас жаратылыс жоқ. Белінбейді деген атомның өзі бөлшектен тұрады.

Олай болса, мүше деп жүргеніміз жалпылама, шартты атау. Мысалы, «Төрт мүшең аман ба?» деп амандасқанда «Аяқ-қолың аман ба?» деп түсіну керек.

Байқап қарасақ, мүше сөзі бізде

Бұл – қазақ халқының көш бастар көсемдерінің бірі Қаздауысты Қазыбектің XVIII ғасырда Қантожыға айтқан сөзі.

Сонда қалмақтар Қантожының қасына келіп: – Бір жұдырықтай баладан қара суга түсіп, осынша дірілдеп кеткенің не? – десе керек.

– Сендер білген жоқсындар, – депті Қантожы сонда, – Сөзді өңменінен сұғып айтқанда екі нығынан екі аю аузынан от шашып, тыпыр етіп көрші, көрейін, деп тұрды. Сендерге көрінбегенмен маған көрінді. Менің енді бұған қайтарып айтар сөзім жоқ. Мал мен жанын есептеп, алдына салып беріңдер!

Елінің егемендігі, Алашының азаттығы еске түскенде сол Қаздауысты Қазыбек бидің екі нығындағы екі аю аузынан от шашып, иісі қазақтың күллі баласының нығында жұлқынып тұрады!

Абылайдың көзіндегі от та – сол еді. Шөкәрімнің арқасындағы оқ та – сол еді...

Екі ғасырдың өліарасында әзер шамамыз жетіп ие болған осы игілігімізге санамыз



жетпей жатса, қайтерсің. Сол – өкінішті.

– Арақ алыңыздар, арақ алыңыздар! – дейді жер ортасына келген қазақ әйелі жап-жас қазақ жігіттеріне. Бұл – күні кешегі хан базардағы көрініс. Қазақ алып жатты...

Менің көз алдыма Американың ежелгі тұрғындары – үндістер елестейді. Осынау жаңа құрылықты жаулап алушылар жаугер де, акконі, аңқау елді найзаның ұшы, мылтықтың мысымен жеңе алмаған соң арақпен арбап, аздырып-тоздырып жіберген-ді.

Иә, егемен ел болдық. Бұрынғыдай өгей анамызға жауғандағандай, енді ешкімге көз телміртіп жатқанымыз жоқ. Бірақ, Азаттық Алаш жұртына әлі де алаңдап қарап тұр. Ол кейде Асанқайғы, кейде Қазтуған, кейде Мағ-

жан, енді бірде Сәкен кейінде елестейді маған. Қазтуғандардан қалған қасиетті топырақты қайтсек көркейтеміз? Бүгінгі күннің көкейкесті сауалы, міне осы.

Бір кезде бір топ қазақ кәсіпкерлері қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруге үзілді-кесілді қарсы болды. Ата-бабамыз аттың жалы, түйенің қомында жүріп, көзінің қарашығындай әзер сақтап қалған ата мекенімізді ақшаға сатып жібере жаздады! Ел болып әзер қойдырдық...

Азаттықтың жолы – адал жол екен, әлі мұндай іштен шыққан шұбар жыландардың талайы алдымыздан ойнақтап шығар. Неге десеніз, бүгінде ойраны шығып, қазан-ошағы қирап жатқан күні кешегі отар елдер қай құрсақтан шықса, біз де сол құрсақтан шыққан жұртпыз. Құдайға шүкір, қырғын-сүргіннен сақтасын, әйтеуір! Әйтпесе, біздің көрген құдайымыз аз ба; он жетінші жылдың қазан төңкерісі, жиырмасыншы жылдардағы жаппай тәркілеу, отыз екінің аштығы, қырық

Көшпелі жұртым – осында, Әшекейлі әлем әр түсті. Түркісібе кел әуелі, – Түсіну үшін Марксті!

О, Дала! Бауырым... Жатымысың! Көрінбей көзге шетің де, – Ұлы ГУЛАГ боп жатырсың Саяси карта бетінде...

Сыналып дауыл, жаңбырмен, Пышақ алдында тұрғанбыз, Алысып жүріп тағдырмен, Айдауда туған ұлдармыз!

Зұлмат дүние түнеріп, Біз жаққа қарап тұрады, Күшігін көкке жіберіп, Жердің серігін сынады...

Крестен басқа күт өспей, Топырағым іштен сынады, Тарасты сынап осында, Достоевскийді де сынады!

Шаршасаң дем ал, Ұлы Ана, Тынықсан, көңілің тына ма? Ешкімді енді сынама, Бомбаны да енді сынама! – деп Олжас айтқандай (Сүлейменов), Қазақстан аймағы сынаулар аймағы болудан шаршады. Енді сол күйініштеріміздің сүйінішін көруге жазғай Тәңірі!

Қазақтың ғажайыбын ғаламға жариялайтын күн де алыс емес. Алыстан ат арытып келген жолаушыға жалғыз тоқтысын алып ұрып, аты-жөнін жата-жастана сұрайтын қонақжай ел кім? Қазақ! Нәсіліне, ұлты мен жанысына болмай, адамзат атаулыны аймалап сүйетін, оның жақсысына сүйініп, жаманына күйінетін жұрт кім осы? Қазақ!

Жеріміз қандай кең болса, пейіліміз де соған жедекабыл. Уа, дүние, сен жатырқамасаң болды, біздің тірі пендені кеудесімен итермейтінімізді жер шарының жартысынан көбі көрген. Елдігімізге көзі жеткен. Қалғаның да көзін жеткізуге шамамыз келеді әлі! Азаттық! Неткен гажап ең!

Біз енді Сенің Есіміңді егемен еліміздің шежіресіне алтын әріппен жазғалы жатырмыз. Оны оқығанда келер ғасырларға керуен тартатын ұрпақтар қазақтың ғажайыбына аң-таң қала қарап, оның мәрттігіне Ақсарбас атайтын болады!

(Жалғасы бар)

тің айдарбасында болады.

Жамбас безі бар. Ол малдың жамбас ойығында болады. Соған орай, оны қасықбез деп атаушылық бар. Төсті бұзғанда жабысқақты сылып тастау керек. Кей өңірде оны шеміршек деп жатады.

Қабырға безі дегені бар. Ол бұғанада болады.

Қазақ баласында түсінігінде без арам, ұыт. Сондықтан, оны ит баласы тұрсын, құс баласына да жегізібей көміске шығарады.

Көріп отырғанымыздай бездің жұрмейтін жері жоқ екен. Малда да адамдағы ұйқы безі болатынын да айта кетелік.

Адамдардағы сияқты малдарда да без шошиды. Бездің көкесі сонда болады. Мұндай жағдайда шарбы бездерінің саны жиырмадан да асып жығылады дейді. Сондықтан да, малсақ бабаларымыз ондай жағдайларға жол бермеген.

Бұл жерде бездің етті бұзатынын, іштендіретінін есте ұстауымыз керек болады.

Без етті ұзақ сақтаудың жолын байлайды. Бездің сорпасы бұзатынын да ұмытпағанымыз жөн. Ондай түн асқан сорпасы қазақ баласы ішпеген. Айныды деп.

Бізде малдың жөн-жосықсыз сойылатын кезі құрбан айтындағы құрбанмалдар. Міне, сол құрбанға шығарған малымыздың тәрбиесіне барынша ыждағаттықпен қарауымыз керек. Ондағы қасапшыларды арнайы курстардан өткізу керек болады. Ондай сойыстан ешқандай да сауағтың болмайтынын түсінсек керек. Олай болса бұл үлкен ысырап. Арамның көкесі осы!

Ендігі қалған әңгіме талау болар.

Мұндай әңгімені бүгінде ешкім де қозғамайды.

Өйткені, ондай ұғымнан ажырап қалғанбыз.

Қазақ баласының ұғымындағы талау дегеніміз не сөз?

Бұл мал баласының етінде түрлі себептермен мал қанының түйіліп қалып қоюы, болмаса ұюы, қан тамырларының қарақошқылдануы, болмаса қарауы.

Малды ұру, малды зорықтырып қудалау, малды сүйреу осындай жағдайларға бастайды.

Мал тамырының да кәдімгі құрғатамырдан, көктамырдан және қылтамырдан тұратынын білеміз. Талау негізінен осы қылтамырлардың жарылуынан болып жатады.

Сойыстарыңыз шүйгін болсын!

# Тарихи тұлғаның тәлімі

XIX ғасырдағы Кеңесары бастаған қозғалысқа қатысушы, танымал тұлғалар Құнанбай, Бөкес әулие, Алшынбай, Мұса, Ыбырай, Байсейіт, Ағыбай, т.б. жандармен пікірлес болған. Абайға, Қасқар биге бата берген қазақтың ұлы перзенті, әйгілі би-шешен, көзі тірісінде-ақ жақсы деген атауға ие болған Жанқұтты Ботантайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған игілікті шара Ақсу-Аюлы ауылында сәтті өтті. Ғылыми конференцияда қатысушылардың дені ғалымдар болды, ал әйгілі тұлғаның туған өңірінде өткен осынау алқалы басқосудың салтанатты ғылыми-танымдық жиналыс форматында өтуі қалың жұртшылық тарапынан зор разылық туғызды.

Белгілі ғалымдар, меймандар Жанқұтты баба мешітінде болып, Құран бағыштау рәсіміне қатысты. Мәдениет үйінде алқалы шараны аудан әкімі Мұхит Мұхтаров кіріспе сөзбен ашты. Жаңаша сипатпен өткелі отырған жиынға келген ғалымдар мен меймандарға өңір халқы атынан алғыс айтты. Өз заманының тарихи тұлғасы, көшбасшысы болып, сол дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттарынан туындаған ауыр халді ұлт тұтастығы арқылы ғана түзеуге болатынын сұңғылалықпен сезген Жанқұтты бабаның ғибратын қысқаша зерделеп, мазмұнды да толғамды ой айтты. Бұдан кейін салтанатты іс-шараның тізгініне ие болған белгілі ғалым, профессор, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының Құрметті академигі, Мәдениет қайраткері, ауданның Құрметті азаматы Мәуен Хамзин «Жанқұтты би мұрасындағы ел бірлігі идеясы» атты баяндамасында адам-қоғам-уақыт ұштағанын басты назарда ұстап, жақсылық пен



жылғы арнайы кітап шығаруда белсенділік танытқан Ж.Ақылбаев, Н.Дулатбеков, М.Хамзин, М.Әбдуов, З.Рахымовтар, ас беруде үлкен ұйымшылдық көрсеткен аудан халқына, Т.Есембеков, М.Баданов, Ж.Серіков, А.Қызылов, т.б.



зұлымдықтың ымырасыз текетіресінде көп жағдайда соңғысының мерейі үстем болуы адам пғылы мен ниет, мінезін туындайтынына тоқталды. Көзі тірісінде жақсы деген атақты иеленген Жанқұтты бабаның өз әрекет, барша болмысымен жақсы адам үлгісін көрсете білуі әл-Фараби, бергіндегі Асан Қайғыдан келе жатқан дәстүр сабақтастығына ұласқанын, уақыт өте келе, өзі бата берген Абайдың толық адам, Шәкәрімнің ар тазалығы, Қасқар бидің имандылық уағыздарына алғышарттар жасағанын ғылыми дәлдікпен саралады, жанқұттытану ілімінің басында тұрған ғалымдар, қайраткерлерге, 1999 жылы әкімдік алдына тас мүсінді әкеп орнатқан Ш.Көкеновке, сондай-ақ сол

азаматтарға аудан басшылары болған К.Сарханов, Қ.Тілеуберген, Р.Оразханов, т.б. жандарға таудай алғысын білдірді. Заман келбетін, сол XIX ғасырдағы тығырықтан шығудың жолы ел бірлігінде екенін, ал, ел бірлігі ел тәуелсіздігіне ұластығын қазірде әлемде боп жатқан өте қатерлі келеңсіздіктер арқылы дәйектеп берді. Жанқұтты бабаның жалпыадамзаттық ақыл-ой қорына қосқан үлесін дәлелдеді.

Профессор Серік Негимов ұлы перзенттің қазақ сөз өнерінде алатын орнына, қосқан үлесіне кеңінен тоқталып, қазақ халқы және әлемдік ақыл-ой иелері шығармаларындағы сөз өнерін салыстыра келіп, ұлттық дүниетаным, болмыс-бітім

сипаттарына тамаша талдау жасады. Шабанбайдың Жанқұттыға бата беруіндегі ұлттық даналық кырларына тоқталды.

Семейлік зерттеуші Қуат Қыяқбай мұрағаттық, тарихи деректер төңірегіндегі ой-пікірін ортаға салып, Жанқұтты баба сыйлас, замандас, ниеттес болған тұлғалар (әсіресе, Семей-Шығыстау өңірі негізінде) жайлы нақты мағлұматтарды баяндаса, ғалым Мұхамедқали Әбдуов біртуар перзенттің бізге жеткен дүниелеріндегі ұлттық мүдденің кыр-сыры арқылы тұлға әрекеті, отаршылдық, тиімді саясат, ел болашағы туралы таным-түсінікті егжей-тегжейлі баяндады.

Ұлы бабаның өмірі, туған жылы, атқарған қызметі, сұңғыла саясаты жайлы тарихшы ғалым Мәулен Жақин өз зерттеулерін мұрағат деректері арқылы дәйектеп, нақты айғақтар негізінде қызықты баяндама жасады. Өңір халқы атынан еңбек ардагерлері, зейнеткер Ж.Асылбек, Б.Боқайтегі, ақын Қ.Мақсұтов, сондай-ақ жерлесіміз Д.Әбілдин сөз сөйлеп, алғыс сезімдерін білдірді. Осынау игілікті іс-шараға бастамашы болған жерлесіміз М.Хамзин әзірлеген ұсыныстардың нақтыланған, толықтырылған нұсқасымен аудан ардагерлері кеңесінің төрағасы Ө.Қызылов таныстырды.

Іс-шара соңында аудан әкімі қорытын-

ды, тұжырым жасап, жұртшылыққа, ғалымдарға рахмет айтты. Сый-сияпат жасады. Жас буын өкілдерінде елжандылық қасиет қалыптастырудағы ұлы баба мұрасының маңыздылығына мән беріп, алдағы уақытта осы ұсыныстар төңірегінде жұмыстар атқарылатынын атап өтті.

Жақсы Жанқұтты бабаның 220 жылдығына арналған осынау іс-шара тиімді де мазмұнды өткенін баса айту – парыз.

**Гүлзада МАХМУТОВА,**  
**Шет аудандық мәдениет,**  
**тілдерді дамыту,**  
**дене шынықтыру және спорт**  
**бөлімінің бас маманы**  
**Шет ауданы**

• ҚҰРМЕТ

## Ғасыр ғұламасының ғибраты

Ғасыр адамы, қазақтың ғұлама физигі Темірғали Көкетаев 85 жасқа толды. Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында мерейтой иесімен кездесу өтті. Шараға облыс басшылығынан бастап зиялы қауым өкілдері қатысты. Шаһардағы физикаға қызығушылық танытқан студенттер де жиын залын лық толтырды. Ғалымның ғұмыр жолы хақында баяндамалар жасалып, көңілдегі көрікті ой айтылды.

**Ерік НАРЫН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»



Физиканың заңы бойынша 180 градусқа дейін қыздырылған қатты дене сыртқа жарық береді. Ал, біздің Темірғали Көкетаев суық жарықты ойлап тапқан. Яғни, дене қызбай-ақ, жарық шашады. Ғылымда бұрын-соңды мұндай жаңалықты ешкім ашаған. Ғылым көшінің басындағы елдердің ғұлама ғалымдары қазақ физигін бір ауыздан мойындаған. Міне, әлемді аузына қаратқан қазақтың гений жиын залына ешқандай дабырсыз аяң басып кіріп келді. Студентпен де, кітапханашылармен де амандасып, көзінің нұрын шашып кірді. Ғалымды көрген бетте журналистер қауымаланып алды. «Бүгінгі кездесу жөнінде бірер сөз» деп микрофонды ұсынған тілші жігітке сәл ғана жымиды. «Өзім туралы айтып қайтемін. Мені Темірғали еткен ғалым туралы айтайын» деп, таудай тұлғасының қарлы шыңын жылт еткізді. Темірғали Көкетаев сұхбат барысында бүгінгі Қазақстанның ғылымы кенжелеп қалғанын айтып, күйінді.

– Менің ойымша, Қазақстанның ғылымы нашарлап кетті. Совет үкіметін ансап тұрғаным жоқ. Бірақ, сол уақыттарда керемет ғылыми мектептер болатын. Солардың бәрін тәуелсіздік алғаннан кейін тоқыратып алдық. Ғылым академиясын жабу деген сөз – ғылымды құрту деген сөз. Сол ғылыми мектептерді қалпына келтіру – қиынның қиыны. Қазақ – негізінде өте қабілетті халық. Қабілетті жастарға тиісті жағдайды жасаса, 10-15 жылда дамыған елдердің қатарына міндетті түрде қосыламыз. Қазаққа қазір ұран емес, ғылым керек, – деді ғалым.

Кездесуге облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов қатысып, мерейтой иесіне аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың құттықтауы мен ыстық ықыласын жет-

кізді. Хатта «Сізді 85 жасқа келуіңізге орай өткізіліп отырған бүгінгі арнайы шарамен шын жүректен құттықтаймын! Көп жылғы ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметтеріңіз, таңдаған ісіңізге адалдығыңыз барына терең сезіммен құрметтеуге және мойындауға лайықты. Физика ғылымы саласындағы елеулі еңбектеріңіз еліміздің деңгейінен асып, халықаралық дәрежеде кеңінен танымал болды. Соның нәтижесінде, 2007 жылы ғылым және техника бойынша Соқрат атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты атандыңыз» делінген.

Нұрлан Бикенов Темірғали Көкетаевтың қайраткерлігі жөнінде де айтты. Ғалым Қарағандыдағы бірнеше қоғамға қазақша атау берілуіне ықпал жасаған екен. Ұлттың болашағына қатысты қоғамдық маңызы бар жиындардан қалыс қалмайды. Әлі қуаты тың. Ақсақал «Халқымыз әлі талай қызметіне жараймын» деп отыр.

Кездесу барысында студенттер Темірғали Көкетаев хақында баяндама жасады. Түсінуіміше, болашақ тарихшылар. Баяндама жасаған бір жас тарихшы «біз ғасырдың ғұламасымен бірге отырмыз. Бұл – түсінген адамға зор бақыт» деп тебіренісін жеткізді. Рас, бүгінгі жұрт Темірғали Көкетаевтың қадірін жете түсінесе, шіркін...

Темірғали Көкетаевпен жиыннан соң бірер минут әңгімелестік. Аузында – тек ұлттың арманы. Жанарынан «халық» деп соққан жұмыр жүрегінің жарқылын көресіз. Бір кезде «Әттен» деп күрсінді.

Өткен, мына жұрт Темкен ансаған арманға қарай бет алса...

Суретті түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

• ӨЗЕКТІ

## «Баланы жастан...»

Баланың тентектігін ерлікке балайтын жұртпыз. Бірақ кейде ол шектен шығып кетеді. Ондайда тиісті құзырлы орындар мен жауапкершілік барын балаға ескерткен жөн. Қазақтың «баланы жастан» деген даналығы осыны мензесе керек. Ал, жалпы, қазір қоғамда бас жарып, көз шығарған тентектер көп пе? Әдетте, баланың бұзақы, сотқар аты мектепте шығады. Сол мектептердегі жасөспірімдердің арасында, ондайлар жоқ деуге келмес. Ел ішінде бір тентек болары хақ. Алайда, сол тентекті тезге сала білу де – тәрбие.

Мектептің дүние-мүлкін бала қиратса, оның да өтеуі барын бала білуі тиіс. Ешбір әрекеттің жазасыз қалмайтынын мұғалімдер де, ата-аналар да санасына құюы қажет. Өйткені, бұғанасы бекіп, қабырғасы қатқан соң кеш болуы мүмкін.

Мектеп оқушысының жаудай тиетіні, әдетте, мектеп мүлкінен – парта. Жіні «шабуылға» ұшырайтын мүлкті оқушы сындырса, оны өтеп жатқан ата-ана сирек шығар. Ол болса, бюджет қаржысына алынған дүние. Оның орны толып, өтелуі тиіс.

Негізі, мектеп партасы нарықта әрқалай бағаланып, Қарағандыдағы жиназ сағатын дүкеннің бірінде екі оқушыға арналған парта 40-50 мыңнан 75 мың теңгеге дейін. Заң талабына сәйкес, мүлктің бұл түріне мектептер мемлекеттік сатып алу порталы арқылы тапсырыс береді. Бір жиһаздың құны 50 мың болған күннің өзінде, мемлекет қазынадан қанша қаражат шығандайтынын бағамдай беріңіз. Ендеше, тәртіп бұзған баланың ата-анасының қалтасына салмақ та түсуі тиіс. Ал, мемлекеттің мүлкіне ашық түрде қиянат келтірген жеткіншектер қолмен жа-

саған қылмысын жарасы жеңіл әрекетке балайды. Мектеп инспекторы демекші, орта білім ордаларындағы полиция қызметкерлері теріс жолдағы баланы дер кезінде жөнге салғанда өзекті мәселе қыла бермесі анық.

– Қазақстан Республикасының Азаматтық және Қылмыстық кодекстерін ашып қарасаңыз, барлық қылмыс түрлеріне жаза бар. Демек, мектеп мүлкін көмелеттік жасқа жетпеген бала бүлдірсе, оның шығыны ата-анасының мойнына ілінуі тиіс. Өкінішке орай, оны бала мен ата-анаға мектеп әкімшілігі, мектеп инспекторлары жеріне жеткізіп айта алмай отыр. Психологтар бала, ата-анамен жеке дара психологиялық жұмысты күшейту керек, – дейді бала құқықтары жөніндегі өңірдің өкілетті өкілі, балалар омбудсмені Ирина Киселева.

Ал, психиатр Анаргүл Бөсейітқызы бала бойында шатақ мінездің пайда болуын оның «психопатиялық синдромға» тап болуымен түсіндіреді.

– Мұндай жеткіншектердің интеллектісі мен есте сақтау қабілеті сақталады. Сырттан қарағанда сау тұлға. Психопатиялық жағдай көбіне балада есейе келе біліне бастайды. Көзге көрінбейтін сырқатты бөгде адам түгілі, ата-анасы да бірден аңғармайды. Психопатиялық ахуал қайдан пайда болады? Оның себептері көп. Көбіне нәрестенің ана жатырынан



байқаса, бірден арнайы мамандарға жүгінгіп, кеңесін алған абзал, – дейді психиатр-дәрігер Анаргүл Колдібәева.

Сарапшы қоғамда балаларға арналған идеологиялық жұмыстың кемшін түсіп жатқанын айтады.

шығарда бастан зақым алуы, сыртқы ортада соққыға тап болуынан немесе үйдегі жанжалдың салдарынан немесе жақындарынан үнемі баланың жүйкесіне тиетін ауыр сөз естуі біз айтқан психологиялық індетке алып келеді. Сонымен қатар, әлеуметтік, экономикалық және тұқым қуалаушылық әдет психопатиялық ауытқу тудырады. Ата-аналар баласының бойынан осындай мінез-құлық көрінісін

– Біздің елде отыз жылдан бері бала тәрбиесін мектеп пен ата-ана бір-біріне сілтеп келеді. Бала қайраңға шыққан балықтай екі ортада қалып тұр. Социализм заманындағы идеологияны енді сезіне бастадық. Мұнымыз есте кенестік кезеңді ансау емес. Капиталистік қоғамда отырған Америкада әлі күнге дейін жасөспірімдердің «бойскаут» қозғалысы жұмыс істеп келеді. Батыстың жеткіншектері білім мен тәрбиедегі олқылықтарды ұжымдасып шешіп қана қоймай, гуманитарлық көмекті белсенді еңсеруде. Өлемге әйгілі «Жасылдар партиясын» жасақтаған солар. Швейцариядан шыққан шынашактай ғаламшар жанашыры Грета Тунберг бастаған қоршаған ортаны қорғау қозғалысы дүние жүзінің саясаткерлеріне серпін берді. Қараңызшы, қаршадай қыздың партиясына күні бүгін жер жүзінде қаншама бала үн қосып, Тунберттің соңынан ілесуде. Қазір дүние жүзінде осындай балалар партиясы жасақталып жатыр. Біздің жасөспірімдер кімнің жетегінде жүр, кімге еліктейді, қандай жолды таңдайды?

...Қазіргі жастар мен жасөспірімдерді екі қауіп күтіп тұр: бірі – мәдениетсіздік, ал оның ақыры – азып-тозуға аппаратыны белгілі, екіншісі – деструктивті діни ағымның шырмауына ілесу. Сондықтан, мемлекет мейлінше ұрпақ тәрбиесін жедел қолға алатын кез келді, – дейді сарапшы Айдос Айым.

Данышпан әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген даналығын есте мықтап ұстау керек.

**Айтбала СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ**



# Пирамида: оңай олжа емес

Соңғы екі жылда облыста 3000-ға жуық адам қаржы пирамидаларының құрбанына айналып, 50 миллион тенгеден астам қаржысын желге ұшырған. Құзырлы орган дәл осы ұйымдардың қызметін енді алданбайтындай жіліктеп, жік-жігін көрсетсе де, отқа ұмтылған көзсіз көбелектей, бір қаржы пирамидасының шегі шықса, елпелектей ұмтылған алданушылар саны азаяр емес. Оңай олжа табамын деп, «ауызы аппақ» болғандардың дені, тіпті, арыз жазуды да ар санайды екен. Шынында, қаржы пирамидаларының пайда болғаны кеше ғана емес. Біздің көзімізді ашып көргеніміз – посткеңестік кеңестіктегі миллиондаған салымшының үш миллиард рубльден астам қаражатын жымқырған «МММ» болса, еліміздегі тұңғыш осындай ұйым 1994 жылы құрылған «Смагулов және К». 35 мың алданған салымшы, 600 миллион тенгеден астам берешек. Содан бері дәл осындай ұйымдарға иммунитет пайда қалыптасса керек-ті. Бірақ, олай болмай тұр. «Жұртты жарылқаймын» деген қаржы ұйымдарын түбірімен құрту мүмкін емес. Себебі, алданатын «ақымақ» барда, олардың қарасы батпайды.

Салтанат ІПІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## «Танысыңды тарт та, табысқа кенел!»

Облыстың экономикалық тергеп-тексеру департаментінің ұйымдастыру-бақылау басқармасы басшысы, экономикалық тергеу қызметінің майоры Қуат Ізбанов қаржы пирамидаларының негізгі белгілерін атап көрсетті. Оның бірінші әрі негізгісі – ақшаның нақты көлемін инвестициялау қажеттілігі. Ал, келесісі – салған ақшаның жылдам әрі еселеніп қайтатынына уәде беру. Яғни, ақшаның жылдам қайтуы да, пайызының өсуі өзіңізге байланысты.

Қуат Ғалымұлы қаржы пирамидасының тағы бір белгісін төлем алу үшін таныстарыңды қаражат салуға тарту деп көрсетті. Одан кейінгісі – know how. Яғни, ұйым өз жобасын еш жерде бұрын-соңды болмаған ноу-хау ретінде ұсынады. Қаржы пирамидасының тағы бір ерекшелігі – компания қаражат жинау қарсаңында ғана тіркеледі. Оның минималды жарғылық капиталы және жалғыз құрылтайшысы болады. Одан бөлек, әлеуметтік желіде белсенді және жарнама-сы жер жарады. Түрлі таныстырылымдар көрсетіп, сыйлықтар ұсынады. Ваучер, яғни, тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге ақы төленгенін қуәландыратын құжат ұсынып, пошталарға хабарламалар таратады, – дейді Қуат Ізбанов.

Сонымен қатар, қаржы пирамидаларында келісім-шарт болмайтынын, бола қалған күнде ол барлық тәуекелдер клиенттің өзі-



Коллаж жасаған Айбек Рахымжан

не жүктелетіндей жасалады және компания өзіне ешқандай жауапкершілік алмайтынын айтады.

– Компания өзін микроқаржы ұйымы немесе несие бюросы, қарызға қарсы бағдарлама, қаржылық қызмет және тағы да басқа ретінде таныстырады. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі беретін лицензиясы болмайды. Олар компанияның банктердегі есеп айырысу шоттарын пайдаланбастан, қолма-қол ақша қабылдайды. Белгілі бір сомаға тауарды немесе қызметті сатып алу немесе қосымша адам тарту – міндетті шарт. Клиенттерге жылжитын немесе жылжымайтын мүлікті нарықтағы төмен бағаға сатып алуды ұсынады, – дейді Қуат Ғалымұлы.

## «Инвестицияның» соңы – «қу тақыр»

Қуат Ғалымұлы пирамиданы ұйымдастырушылар ақшаны алу үшін неғұрлым күрделі сызбаларды ойлап табатынын айтып отыр. Мәселен, ұзақ мерзімді жобаға инвестициялау. Бұл процеске сәйкес, компания инвестиция тарту үшін түрлі іс-шаралар ұйымдастырады. Ал, бағдарламаның ерекшелігі – үш айдан 120 айға дейін тұрақты ақша салып тұру. Одан бөлек, туристік жолдамалар, ұтыс ойындары түріндегі бонустар да болады. Қатысушы ай сайын немесе тоқсан сайын үш-төрт жылға ақша салады.

Қаржы пирамидаларын ұйымдастырушылар бұдан 20 жыл бұрын өзекті болған сызбаларды қазір пайдаланбайтынын айтады облыстың экономикалық

тергеп-тексеру департаментінің екінші тергеу басқармасы басшысының орынбасары, экономикалық тергеу қызметінің подполковнигі Мейірхат Әукешев. Яғни, құқыққа қарсы әрекеттерін жасыру үшін өздерін желілік маркетинг ретінде таныстырады. Осы мақсатта түрлі сертификаттар, зергерлік бұйымдар, косметика таратылады.

– Алаяқтардың тағы бір құйтырқы әрекеттерінің бірі – автокөлік немесе басқа да қымбат мүлік алуға ақша жинауға көмектесеміз деп уәде беретінде. Бұл үшін жинақтау бағдарламасы бойынша ақша салуды талап етеді. Одан бөлек, эксклюзивті клубқа мүшелікке тарту – нақ осы қаржы пирамидасының бір түрі. Круздерге, экскурсияларға шығамыз деп уәде етеді, – дейді Мейірхат Қапбасұлы.

Құзырлы орган өкілдерінің айтуынша, бизнесті бастау бойынша тренингтер, маркетингтер, копирайтингтер ұйымдастыратындарға да күмәнмен қарау керек. Бұл ретте алаяқтар кіру жарнасын төлеуге міндеттейді.

Бүгінде алаяқтар ойлап тапқан тағы бір сызба – ол өздерін тұтыну кооперативі ретінде көрсетуі. Яғни, кооператив атын жамылған қаржы пирамидасы пәтер немесе көлік алуда жеңілдетілген шарт ұсынады.


Соның бір жарқын мысалы – Amanat Home инвестициялық пирамидасы. Өздерін тұрғын үй-инвестициялық ұйым ретінде көрсетсе де, құзырлы орган олардың іс-әрекеттері қаржы пирамидасына тән екенін анықтаған.

– Пирамидалардан қорғану үшін алдымен «жеңіл ақша табысы» дегендердің барлығына сақтықпен қарау керек. Ұсыныс жасаған компания туралы интернеттен, немесе құзырлы органдардың сайттарынан тексеруге болады. Ал, егер дәл осындай жағдайға тап болсаңыз, салған ақшаны қайтару оңайға түспейді. Алаяқтарға ақша аударғаныңызды растайтын құжаттар болса, тез арада құқық қорғау органдарына хабарласу керек. Алданғандардың дені арыз жазбайды. Сөйтіп, алаяқтардың одан әрі өздерінің жымқырыс әрекеттерін жалғастыра беруге мүмкіндік береді. Істі жария ету – алаяқпен күресте маңызды, – дейді Мейірхат Әукешев.

## Қаржы пирамидаларын күрес

Облыстың экономикалық тергеп-тексеру департаменті өкілдерінің айтуынша, соңғы екі жылда қаржы пирамидаларының алдап-арбауына түскен үш мыңнан астам адамға 50 миллионнан астам шығын келтірілген. Бұл – қолда бар деректер. Ал, арыз жазбағандары қаншама.

Бүгінде департамент «Лидер-Капитал-168» микроқаржы ұйымы, «Тендер расвет», «Луч группы», «Доверие», «Өзіміз ғой!», «Бай life» және тағы да басқа қаржы пирамидаларының жолын кесіп, заңсыз әрекеттеріне тыйым салған. Ал, ұйымдастырушылары қаржылық қызметпен айналысу құқығынан және бас



## Реформа – өміршең өзгерістер

бостандықтарынан айырылған.

Департамент қаржы пирамидаларын ұйымдастырушыларға қатысты тағы бірнеше істі тергеп-тексеруде. Бірақ, тергеп-тексеру құпиясына байланысты басқа мәлімет бере алмайтынын айтады Мейірхат Әукешев.

Одан бөлек, Қуат Ғалымұлы биылдан интернет-ресурстарды тексеруге болатын «Байқа, пирамида!» telegram-боты іске қосылғанын жеткізді. Ол азаматтарға қаржы пирамидаларының әрекетінен қорғануға көмектеседі.

– Күмәнді ұйымның қызметін тексеру үшін олардың интернеттегі сілтемесін ботқа енгізе, жеткілікті. Тәулігіне бес рет сұрау салуға болады, – дейді ол.

Жалпы, Мейірхат Әукешевтің айтуынша, әлемнің отыздан астам елінде қаржы пирамидасына тыйым салынған. Елімізде аталған қызметпен айналысқандар Қылмыстық кодекстің 217, 217-1 баптары бойынша қылмыстық жауапқа тартылады. Одан бөлек, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 150-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілік көзделген.

– Қаржы пирамидалары – заман дерті. Қылмыскердің қармағына түсіп қалмау үшін сақ болу керек. Әр қадамды аңдап басқан жөн. Тегін ештеңе жоқ. Қаржы пирамидаларының әрекеті мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді, – делі Мейірхат Қапбасұлы.

Қаржы пирамидасына қатысты қылмыстық істі тергеп-тексеру облыстың экономикалық тергеп-тексеру департаментінің құзырында. Ал, егер осындай ұйымнан зардап шеккен болсаңыз, департаменттің 56-70-00 сенім телефонына хабарласуға болады.

## «ЖАҢА ЕСІМДЕР – 2023»

# Еңбек адамына – ерекше құрмет

Құрыш қолды адамдардың маңдай терімен тұрғызылған кеніштер шаһары қарапайым еңбек адамын ерекше қадірлейді. Дәстүр сабақтастығын жалғап, қоғамға пайдалы мамандықты дәріптеп жүрген қайратты ісіне қоғам сүйсінеді.

Қарағандылықтар бүгінге дейін «Жаңа есімдер» байқауы арқылы 500-ден астам тұрғынның еңбегін елеп, құрмет көрсеткен. Дәстүрге айналған байқау биыл 16-шы рет өтті.



Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқаудың бұрынғы атауы «Замандас» еді. Атауы ауысқанымен, мақсаты мен міндеті өзгерген жоқ. Осы уақытқа дейін еңбектің елеулі үлгісін көрсеткен спорт, мәдениет, халықты әлеуметтік қорғау, коммуналдық сала қызметкерлері марапатталды. Әр жылдары аталымдар өзгеріп отырды.

– Биыл еңбек адамдарын алты бағыт бойынша марапаттадық. Лауреаттарды Қарағандыдағы мемлекеттік мекеме басшылары мен қоғам қайраткерлері анықтады. Аталымдардың әрқайсына 3-4 үміткер лайық деп танылды,

– дейді облыстың кәсіпкерлер қауымдастығының атқарушы директоры Серік Санаубаев.

Жеңімпаздар халықтың онлайн дауысы арқылы анықталды. Номинанттар өздері жайлы бейнеролик түсіріп, сайтына орналастырды. Биыл дауыс беруге 17 мыңнан астам адам қатысты.

Бұқаралық спортты дамытуға белсенді қатысып жүрген Аян Әмзе «Батыр» аталымының иегері атанды. Жұмыспен қамту, әлеуметтік қызметтер және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы жетістіктері үшін «Мейірімділік» аталымын Анар Ассалауова жеңіп алды. Өңір мәдениетін дамытуға үлес қосып, Қазақстан мен өз өлкесінің мәдени мұрасын халық

арасында белсенді насихаттағаны үшін Есжан Әміров «Шабыт» аталымында марапатталды. «Насихат» номинациясына білім берудің заманауи әдістерін дамытып, жас педагогтерге тәлімгерлік танытқан Дидар Төркекелді лайық деп танылды.

– 28 жыл білім саласында қызмет атқардым. 19 жылға жуық Майқұдықтағы № 61 мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс істедім. Өмірде жеңімпаз болғанды ұнатамын. Оқушыларым 32 рет республикалық жарыстардың

жүлдегері атанды. Оларды Отанның патриоты болуға тәрбиелеп келемін. Еңбегімді жоғары бағалағаны үшін алғыс айтамын, – делі Дидар Төркекелді.

Сондай-ақ, жеңімпаздар қатарында өндіріске және экономикалық процестерді басқаруға инновациялық тәсілдерді енгізгені үшін «Табыс» аталымы «Қарағанды – Нан» Корпорациясы» ЖШС-ға берілді. Өңірде әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асырып, ел арасында азаматтық бастаманы насихаттауға қосқан үлесі үшін «Үстаным» номинациясында Эльмира Орынбаева марапатталды. Жеңімпаздарға авторлық мүсіншелер, лауреаттарға дипломдар табысталды.

## • АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

# Қазақтың наны қайда?

Жақында Шымкенттегі құрбым Қарағандыға келді. «Сендердің ши бауырсақтарыңды сағындым, дәмі аузымнан әлі күнге кетер емес!» деп санқылдап анамның пісірген дәмін еске алды. Жадыра нан сөресіне қарап, кәдімгі таба нанды іздеген екен. Екеуіміз ақыры сөреден нанның бірде-бір түрін таппадық. Есесіне, Шотландияның сұлыдан жасалатын жұқа наны, Солтүстік Американың жүгері наны, француз нан өнімдерін сөреге самсатып қойған.



Этнологтар қазақ халқының нан пісірудегі үш әдісін ашып берген. Оның алғашқысы – қоламтаға көміп пісіру (ежелгі тәсіл), келесі – табаға, қазанға, тасқа жауып пісіру (көшпенділердің ежелгі тәсілі) және тоң немесе өсімдік майына қуырып пісіру. Сұйық майға қуырып пісіру ел ішінде кеңінен тараған. Оның өзі Наурыз мерекесі мен айт күндері ғана сатылады. Астық нарығында осынша әлеуетіміз бола тұра, төл брендті жарнамалауға не кедергі?

Қаланың қас ортасындағы «Южный», Оңтүстік-Шығыстағы «Норма», «Корзина» секілді ірі сауда орындарынан нан табу – қиямет. Көшенің қалтарыстарындағы «Сарыарқа-наны» дүңгіршіктерінен төл асымызды көре алмадық. Байырғы «Қарағанды – нан» комбинациясы қазір жоқ. Неге? Әлде, нан шығаратын ірілі-ұсақ өндіріс орындарында қазақ на-

нын пісірудің тәсілін білетін кәсіби маман жоқ па? Қазақ асханасына ықылас танытпай отырған кәсіпкерлердің өздері ме?

Бала кезде анымыз тоқ пешке немесе темір плитаның үстіне пісіретін тандыр нанын жеп өстік. Қызуы қолды қаритын ыстық нанның ортасын қақпа бөліп, сары май қосып, соғып алып, қас қарайғанша талғажау ететін талай ойын баласы. Дамудың даңғыл жолына түскен XXI ғасырда қазақ наны көзден бұлбұл ұшты.

Әйткенмен, технология жетіліп, бизнес өрлеуге бет бұрған кезеңде адамзаттың ұшқыр қиялын іске асыруға шектеу жоқ.

– Мұндай бастаманы іске асыру өзімізге байланысты. Қазақ халқының нан өнімі ассортиментке бай. Атап айтсақ, тандыр нан, таба нан, қатпама нан, жұқа нан, қатырма, бауырсақ, ши бауырсақ, ақ бауырсақ, тәт-

ті бауырсақ, бармақ бауырсақ, жалпақ бауырсақ, сапар бауырсақ, өрме бауырсақ, жайылған жалпақ нан, ләйлек, күлше, шеплек, қатталған нан, майлы шеплек, қышқаша, сәлде, ораған шеплек, күлшетай, шырпақ, құймақ, жайма құймақ, бөкпен секілді нанның алуан түрі бар. Іздеген кәсіпкерге қазақтың нан пісірудегі үздік тәсілдерін ашық ақпарат көздерінен табуға болады. Мәселен, көрші Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстанға барсаңыз, дастарқанға уәелі өз нанын қояды. Ал, біз бауырсақтан ұсқа не ұсынып жүрміз? – дейді ақпарат көздерінен табуға болатын Тұрар Ізтілеуұлы.

Ұлттық брендке ұмтылыс жасайтын наубайханашылар мен осы саладағы кәсіпкерлерге дүкен сөрелерін қазақ нанымен самсатуға ешқандай бөгет жоқ. Тек ниет керек.

Айтбала СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ

## • ГРАНТ

# Кәсіпкерлікті дамытуға мүмкіндік

Осакаров ауданында жастардың кәсіпкерлігін дамытуға және қолдауға арналған жыл сайынғы гранттар мен «Жас Сұңқар» сыйлығы иелерін тапты. Марапаттау алдында аудандық мәдени-демалыс орталығының фойесінде өңірдің жас кәсіпкерлерінің өнімдері қойылған көрме ұйымдастырылды. Арасында өз ісін ашуға грант алғандар да бар.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл арнайы комиссия түскен өтінімдерден 13 жұмысты іріктеп алған. Нәтижесінде, олардың сегізі 500 мыңнан 2 млн. теңгеге дейін мемлекеттік қолдауға ие болды.

Жас кәсіпкерлердің бизнес жоспарында наубайхана мен жаңа тамақтану орнын, телефон жөндеу шеберханасын ашу, шаштараз, полиграфиялық және басқа да қызметтер көрсету жобалары бар.

Грант иегерлері арасында Молодежный кентінің 27 жастағы тұрғыны Татьяна Комар да болды.

– Бұл грант маған қазір жұмыс істеп тұрған бизнесімді кеңейтуге қажет болды. Менде кинокафе мен



Сурет обьекте аккредитация сыйлығы

би студиясы бар. Тағы да жылдам тамақ сатуды қолға алдым. Ауылда бәсекелестер бар, бірақ, көп емес.

Мемлекеттен 1 млн. теңге алдым, жабық сатып алуы жоспарлап отырмын. Әрине, өз қаражатымды да саламын. Гранттар – бұл қазіргі және жанадан бастаған кәсіпкерлер үшін үлкен көмек әрі мүмкін-

«Жылдың жас көшбасшысы» номинациясы Е.Бөкетов атындағы ҚарУ-дың IV курс студенті Мұхамедали Боранбайға бұйырды. Ол бұған дейін бірнеше марапат пен сыйлық алған. Соның ішінде, Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаты да бар.

– Төрт жылдан бері еріктімін. Адамдарға көмектесу, маңайыма үлгі болу ұнайды. Бұл сыйлық – алға жылжуға, тоқтап қалмауға, жаңа биіктерге жетуге деген ынтамды оянтты, – дейді Мұхамедали Боранбай.

ша жемісті ғылыми, шығармашылық, кәсіби және қоғамдық қызметі үшін көтермелеу мақсатында берілді. Номинанттар мен жеңімпаздар арасында жас педагогтер, медицина қызметкерлері, спортшылар, полиция қызметкерлері, мәдениет және өнер қайраткерлері, кәсіпкерлер, жұмысшылар, мемлекеттік қызметкерлер, еріктілер мен мектеп оқушылары бар.

«Мектеп педагогі өзінің кәсіби дамуын басқару және тиімді педагогтің дамытуына көмектеседі.

«Мектеп педагогі өзінің кәсіби дамуын басқару және тиімді педагогтің дамытуына көмектеседі. Осыған орай, тиімділік критерийі – өзінің тәжірибесі мен әріптестерінің тәжірибесі бойынша рефлексия белгіленген. Осыған байланысты, білім беру ұйымдарына оқыту/тәрбиелеу тәжірибесін жетілдіру, педагогикалық тәжірибесінде зерттеу дағдыларын дамыту мақсатында өз тәжірибесін және әріптестерінің тәжірибесін талдау, өз тәжірибесінің даму бағыттарын айқындау, әріптестермен бірлесу отырып, сабақты/іс-әрекетті зерттеу және зерттеу нәтижелерін тарату қазақстандық педагогтің өзекті кәсіби дағдылары. Бұл білім беру процесін зерттеу тәсілдерін, әдістерін мен құралдарын білуді, білім беру процесін жетілдіруге қатысты қолданыстағы зерттеу нәтижелерін зерделеуді және сабақты зерттеу (Lesson Study) жүргізуді қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, «іс-әрекеттегі зерттеу» және «Сабақты зерттеу» тәсілдемелері өз тәжірибесін зерттеу мен оқушылардың білім сапасын арттырудың тиімді құралы болып табылады.

Осакаров ауданы

## • ЖАС ҚАЛАМ

## Менің арманым

Мұғалім менен «Кім болғын келеді?» деп сұрады. Бұл сұраққа көп ойландым.

«Менің атым Қожа» фильміндегі Қожа, Сұлтан, Жанар ойыма келді. Менің де сол балалар сияқты кинода ойнап, актер болғым келеді. Сол арманымға жету үшін ең әуелі барлық пәнді бәсеке оқуым қажет. Сосын университетке актер мамандығына тапсырамын. Темірбек Жүргенов атындағы өнер академиясына түсіп, театр және кино актері болсам керемет емес пе?!

Маған кинолардағы актерлер сияқты сөйлеген ұнайды. Өлеңді, көркем мәтіндерді мәнерлеп оқи аламын. Үлкендерді күлдіріп, әзіл де айта аламын.



Т.Кәрібаев – «Зарплата» фильміндегі Кешаның ролінде

Достарым маған актер болған жарасатынын айтады. Мұғалімдерім де «Сен еркін сөйлеп, ойыңды толық жеткізе аласың. Достарыңды да күлкіге қарық қылып жүресің, актер болуың керек», – дейді. Жақында «Oskar Kazakhstan» балалар киностудиясының қысқаметражды екі жобасында басты рөлде ойнадым. Менің ойнау мәнерім режиссеріме қатты ұнады. Ұстаздарым да, достарым да жоғары бағалады. Өзіме әсіресе, «Зарплата» фильміндегі мейрамхана әкімшісі Кешаның ролі керемет әсер етті.

Ұстаздарым актер болу үшін шешен сөйлеу керек дейді. Ал, шешен сөйлеу үшін әдеби кітаптарды көп оқимын. Маған болашақта жақсы актер болу үшін әлі көп дайындық керек. Балаларға арналған актерлік шеберлік курстарына қатысып, сахна тілін менгеру үстіндемін. Кейде үйде жалғыз қалғанда, қойлыымдардағы батырлар ролінде ойнаймын. Ата-анам, достарым мысалға келтіріп, осы рөлді ойнап берші десе, ойнап бере аламын. Кейде қазақтың хандары, батырлары туралы неше түрлі идеялар ойыма келеді. Соның бәрін кино ретінде түсіргім де келеді.

Ал, өзін Қарағандыдағы Сәкен театрының қойлыымдарын тамашалауға құштармын. Мұндағы кәсіби актерлердің шеберлігінен көп нәрсе үйренуге болады. Әйгілі актер, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кеңес (Жұмабеков) атадан бата алдым. Ол кісінің батасы мені қанаттандырды. Болашақта Кеңес атам сияқты атакты актер болғым келеді. Арманымға жетіп, ата-ана, ұстаздарымның үмітін ақтау үшін ізденуден жалықпаймын!

Токтар КӘРІБАЕВ,  
Мағжан Жұмабаев атындағы мектептің 6-сынып оқушысы

## • ШАҒЫН ФУТБОЛ

## Ауыспалы кубок – «Айтыскерде»

Қарағандыда өнерпаздар доп тебетін «Dostyq league» шағын футбол лигасының 4-ші маусымы өз мәресіне жетті. Бұл жолы айтыскер ақындардан жасақталған «Айтыскер» құрамы чемпионы атанды. Команданы бастап келген белгілі айтыскер ақын – Дидар Қамиев. Өткен маусымда көш басынан көрінген ақындардың «Esengali» командасы ауыспалы кубокті айтыскерлерге берді. «Esengali» бұл жолы 5-ші орыннан көрінді.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдыңғы маусымда алты команда кубокқа таласқан еді. Лиганың жарнамасы тез тарап, дабыры өзгелердің құлағына жетіп, 4-ші маусымда командалар саны сегізге көбейді. Достықты жалау еткен, саламатты өмір салтын насихаттауды мақсат тұтқан лигаға айтыскерлер мен Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің жігіттері қосылды. Сәкен театрының футболшылары бұл жолы тізгінді тартты. Сонымен қатар, әншілер мен өңірде белгілі әзілқештерден, асаба, шоумендерден жасақталған «Dostar united» пен «AdiDos» командалары да қатарлы толықтырды.

Бұл лигада шағын футболдың стандартты ережелері сақталды. Әр ойынға төрешілік ететін кәсіби мамандар бар. Командаларға бірінғай жейде кино талабы қойылған. Осы лиганы ұйымдастырып жүрген Аман Хамит есімді азамат. Сонымен қатар, белгілі ақын, әріптесіміз Жәлел Шалқар мен ақын Қайрат Иманбек те ұйымдастырушылар алқасының тізімінде.

## • ҚЫЛМЫС

## «Жиеннің» жолы болмады

Адам қарасы көп жер – ұрылар үшін таптырмас орын. Өзгенің жүгіне немесе қалтасындағы қаражатына «жиендік» жасайтындардың осындай қарбалас жерлерде «жолы болады». Бұл жолы олай болмады. Қарағанды теміржол вокзалында ұры ұзаққа бармай қолға түсті.

24 қарашада Қарағанды қаласының теміржол вокзалында ер адам сөмке иесі қасында болған сәтте сөмкені ұрлап кеткен. Заттың жоғалғаны туралы хабар жеткен бойда шұғыл қимылдап, бақылау камераларын қарап шыққан Қарағанды-Сұрыптау станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің полиция қызметкерлері жолаушылар арасынан 1973 жылы туған, Солтүстік Қазақстан облысының тұрғыны А. деген азаматты жедел ұстады.

Бұл факт ҚР ҚК 188-бабының 1-бөлігі «Ұрлық» аталымы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірінғай тізілімінде тіркелді. Қылмыстық заңнамада бұл бапта былай

– Лиганың басты мақсаты – Қарағанды қаласындағы өнерпаздардың басын қосу, ел азаматтарының ауызбірлігін, достығын нығайту. Бастысы –



саламатты өмір салтын ұстану. Қызмет, шығармашылық деп өзбек етіп жүрген азаматтар осы алаңға келіп эмоциясын шығарады. Үздіктер қатарынан көріну үшін алға қарай талпынады, жігерленеді. Бұл алаңда күнделікті күйбең тірлікті ұмытып, бір жеңілдейсіз. Әр қалада осындай лигалар, турнирлер жиі өтеді. Қарағандыда да дамуы тиіс деп есептеймін, – деді Аман Хамит.

Бұл маусымда «Айтыскер» командасы жарады. Лиганың 3 ай-

налымында алдына қара салмады. – Былтыр бастау алған «Dostyq league» ойындарына шақырту алған едік. Айтыста жүрген өзімің достарымды, бауырларымды ертіп әкеліп, осында өз ойынымызды көрсеттік. Ерекше әсерге бөлендік. Мұнда кілең мықты ойыншылар жиналған. Өнердегі достарым кәсіби түрде футболмен айналыспа да, допты жақсы тебеді. Сахнада, той-томалақта бірге жүрген өнерпаздармен алаңда доп тебу – мен үшін мәртебе. Өуелде қарсыластарымызды көріп, чемпиондыққа үміттенбеген едік. Бірақ, өз ойынымызды таптық. Жігіттер жарады. Бастысы – сыйластық. Осы лиганың арқасында қанша да дос тауып, бір-бірімізге деген құрметіміз артты. Сырттай араласатындармен етене араласып кеттік. Ойын күндеріне жеткенше асығатын хәлге жеттік. Өзімің командаластарыма жеңіс үшін зор алғысымды білдіремін! – деді Дидар Қамиев.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, алдағы қысқы маусымда командалар саны көбейеді. Лигаға қызығушылық танытып отырғандар көп.

Суретті түсірген автор



делінеді: «1.Ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде

айыруға жазаланады. Сөмкенің иесі полиция қызметкерлеріне алғысын білдірді. Ұрыны алда сот күтп тұр...

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ

## Мұғалім өз сабағын не үшін зерттеуі керек?

Педагогтердің шығармашылық және тұлғалық әлеуетін белсендіру орта білім беру сапасын қамтамасыз ету – жөніндегі жұмыстың басым бағыттарының бірі. Сондықтан да, орта білім беруді реформалау жағдайында еліміздің мектептеріне заманауи оқыту тәсілдемелері мен технологияларын жетік менгерген құзыретті педагогтер болғаны қоғамға тиімді оң әсерін тигізеді. Қазіргі таңда білім беру саласында зерттеу тәсілі жанартылған бағдарламаларды әзірлеуде қолданылатын тәсілдердің біріне жатады. Халықаралық зерттеулер тұрақты түрде ғылыми әдебиеттерді зерделеумен және өз тәжірибесін зерттеумен айналысатын педагог өзінің оқыту дағдылары мен сабақ беру сапасын айтарлықтай жақсартатынын көрсетіп отыр. Зерттеу жүргізу мұғалімдердің сыныпта немесе мектепте туындайтын нақты проблемалардың шешімін табуына көмектеседі.

«Мектеп педагогі өзінің кәсіби дамуын басқару және тиімді педагогтің дамытуына көмектеседі. Осыған орай, тиімділік критерийі – өзінің тәжірибесі мен әріптестерінің тәжірибесі бойынша рефлексия белгіленген. Осыған байланысты, білім беру ұйымдарына оқыту/тәрбиелеу тәжірибесін жетілдіру, педагогикалық тәжірибесінде зерттеу дағдыларын дамыту мақсатында өз тәжірибесін және әріптестерінің тәжірибесін талдау, өз тәжірибесінің даму бағыттарын айқындау, әріптестермен бірлесу отырып, сабақты/іс-әрекетті зерттеу және зерттеу нәтижелерін тарату қазақстандық педагогтің өзекті кәсіби дағдылары. Бұл білім беру процесін зерттеу тәсілдерін, әдістерін мен құралдарын білуді, білім беру процесін жетілдіруге қатысты қолданыстағы зерттеу нәтижелерін зерделеуді және сабақты зерттеу (Lesson Study) жүргізуді қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, «іс-әрекеттегі зерттеу» және «Сабақты зерттеу» тәсілдемелері өз тәжірибесін зерттеу мен оқушылардың білім сапасын арттырудың тиімді құралы болып табылады.

Педагогтің міндеттеріне өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіру, зерттеу, интеллектуалдық және шығармашылық деңгейін дамыту жатады («Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚР Заңы). Мектеп педагогтерінің кәсіби әлеуетін жүзеге асыру үшін олардың кәсіби шеберлігін арттыруға, мектепті жақсарту үшін зерттеу дағдыларын дамытуға қолдау көрсету маңызды. Өрбір педагог өз сабағында шәкірттерге берген тәлім-тәрбиемен қатар біліммен сусындата отырып, әр сабақта белгілі бір дағдыны бойына қалыптастыруға басты міндетті. Ол дағдылар қандай дәрежеде қалыптасып, болашақ өмірінде әрбір білім алушы өз деңгейінде өз қолына жаратуына мән беру – бұл педагогтің өз сабағын зерттеу деген сөз. Осы аталған зерттеуді жүргізу әр педагогтің өз сабағында туындайтын мәселесі негізінде айқындалатын зерттеу тақырыбы неме-

се зерттеу сұрағы болып табылады. Демек, қоғамның белгілі бір даму кезеңінде білімге, дидактикалық ғылым ретінде дамыту үшін әлеуметтік-педагогикалық мәніне, маңыздылығына қойылатын талаптардың қысқаша сипаттамасы, проблеманың ғылыми әдебиетте өңделгендігі және педагогикалық практиканы жетілдіру үшін жүргізілетін зерттеудің уақыттылығы (бұл проблеманы нәліктен дәл қазіргі уақытта зерделеу қажет?) – бұл зерттеу тақырыбының көкейтестілігі.

Мұғалім білім алушының заман талабына сай ұдайы дамуына өз пәні арқылы мән бере, сол сабақ барысында оқушының оқуы мен өзінің оқытуы туралы деректер жинау – өзекті сұрақтарға жауап беруге және нәтижелерді бағалауға мүмкіндік беретін ақпаратты жинау және қалыптасқан жүйеде арнайы көрсеткішті өлшеу үдерісі жүзеге асады. Педагогикалық тәжірибеде ғылыми зерттеулердің тұжырымдары мен ұсынымдарын енгізіп, өз тәжірибесі негізінде алынған мәліметтерді жүйелеп, қорытындылап жаңалық ретінде бекіту – бұл педагогтің зерттеуінің нәтижесі болып көрініс табады.

Білім беру саласындағы зерттеудің бірі – **Сабақты зерттеу (Lesson study)** тиімді тәсілдердің бірі болып табылады. Яғни, сабақты зерттеу – жоспарлау, бақылау және талдау саласындағы бірлескен педагогикалық практиканың рефлексиялық циклі, бір циклдің нәтижесі рефлексиялық талқылауға және оқу мен оқытуды үнемі жетілдіру мақсатында келесі сабақты жоспарлауға негіз болады. Өрбір педагог өз сабағын жоспарлаудан бастап, сабақ өткізу барысында мұқияттылықпен бақылап, бақылау соңында өзара бірлескен түрде талқылау арқылы жоспарды, оқу мен оқытуды жетілдіру жолдарын рефлексиялау арқылы нәтижеге жететін процесс болып табылады. Сол себептен де, білім беруде педагог тарапынан әрбір сабақты өткізуде жоспарлау, бақылау, талқылау, рефлексиялау циклі ұдайы үздіксіз ұйымдастырылған кезде ғана мұғалімнің өзіндік кәсіби дамуы орын алады.

Демек, «Мұғалім өз сабағын не үшін зерттеуі керек?», – деген сұрақтың жауабы: «Сабақты зерттеу мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған ... (Пит Дадли); «Оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіру, соның нәтижесінде түпкі мақсат – оқушылардың оқу үлгерімін арттыруды» көздейді (Т.Чичибу); «Сабақты зерттеу білім және тәжірибе алмасу отырып, кәсіби қоғамдастық құру. Оқыту мен оқу жетілдіру саласында ғана емес, сонымен қатар педагогикалық білімді жетілдіру, оқу бағдарламасы мен оқытуды құрылымдау, мектепті басқару және т.б. салаларда да жүргізілуі мүмкін» (Курамото).

Гульбахар РАХМАНОВА,  
Педагогикалық шеберлік орталығының Қарағанды қ. филиалының аға менеджері, тренер

### Хабарландыру

Полковник Мырзабек Жұманұлы Болысбаевтың атына берілген ҚР ІІМ зейнеткерлік куәліктің (нөмірі Z/2849, 10 қараша 2023 ж. берілген) жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

№646

ТОО «AlemGaz» уведомляет потребителей о повышении предельной цены на услуги розничной реализации сжиженного емкостного через ГРУ с 01 января 2024 года в соответствии с пунктом 16 «Правил ценообразования на общественно значимых рынках», утвержденных Приказом Министерства национальной экономики РК от 01.02.2017 года № 36. Увеличение тарифа связано с увеличением стоимости предельной цены сжиженного нефтяного газа, реализуемого в рамках плана поставки, сжиженного нефтяного газа на внутренний рынок Республики Казахстан вне торговых бирж на период с 1 июля 2023 года по 30 июня 2024 года. Цена на услуги розничной реализации сжиженного емкостного через ГРУ за 1 кг газа составит 237,79 тенге без учета НДС.

№288

Қарағанды қаласының №41 қазақ орта мектебінің 2004 жылғы түлектері мен сынып жетекшісі К.К. Рахимбекованың атынан ардақты ұстазымыз  
**Даль-ара Нажмеддинқызы БЕКИШЕВАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты балаларына, туыстары мен жақындарына көңіл айтады.

№644



Электрондық  
пошта:  
ortalyk.kaz  
@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

• БӘРЕКЕЛДІ!

# Астанада олжалы оралды

Астана қаласында Мәдениет және ақпарат министрлігі мен «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының этножурналистика саласындағы «Шаңырақ» республикалық шығармашылық байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Байқауда «Сауағарға Ақрағат» ЖШС директорының кеңесшісі Айсултан Жақып жүлделі I орынға ие болды.



Жәлел ШАҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Дәстүрлі ұйымдастырылып келе жатқан байқау дарынды журналистерді анықтап, олардың қоғамдық келісім мен бірлікті нығайтуға және қазақстандық этножурналистика саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін ынталандыру мақсатында өткізілген.

Байқауда Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін, жобаларын жариялап, беделін арттыратын, қоғамдық келісім мен жалпұлттық бірлікті нығайтуда мемлекеттік саясатты кеңінен насихаттайтын және мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейтуге бағытталған үздік авторлар іріктелді.

Айсултан Мұхамедияұлының «Кейіпкер», «Бессөз» сынды жобалары елдің көңілінен шыға білді. Білікті маман «Life09» ақпараттық агенттігінің дамуына, жұртшылыққа сапалы ақпарат таратуға сүбелі үлес қосып келеді. Сонымен қатар, оның өткір жазбалары мен танымдық мақалалары да түрлі мерзімді басылым беттерінде жарияланып жүр.

Әріптесімізді мерейлі сәтімнен құттықтай отырып, толағай шығармашылық табыс тілейміз!

• МЕРЕЙ

# Шапағатты Кеңкем

Дарынды актер Кеңес аға жайында ойлана қалсам болды, осыдан 50 жылға жуық уақыт бұрын Ғабит Мүсіреповтің «Қозы көрпеш Баян сұлу» трагедиясында Қозы рөліндегі тастан-тасқа секіріп жүрген қаршығадай жас жігіт көз алдыма келеді.

Иә, ол уақытта біз мектеп қабырғасында жүрген бала едік. Сол кезде біз оқыған Қарағанды қаласындағы №2-ші мектеп-интернатында (қазіргі Нұрмақов атындағы гимназия) жер-жерден келген талантты балалар көп болды. Солардың ішінде 9-шы сынып оқушысы, шама-шарқыма қарай домбырамен ән салатын мен болсам, үшінші сынып оқушысы, таңдайы тақылдаған әнші балапан, бүгінгі Халық әртісі Мақпал Жүнісова болды. Бір нәрсеге бір нәрсе себеп дейді ғой, біздің бағымызға қарай сол жылдары С.Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театрының дарынды жас актері Кеңес Жұмабеков бізге би сабағынан дәріс беретін болып келді. Мектеп-интернаттың балалары қазақ театрының барлық спектакльдерін үзбей көріп отыру біз үшін дәстүрлі құбылыс болатын.

Ауылдан келген сарыауыз балапан біздер үшін үлкен театрдың сахнасында кәсіптік деңгейде қойылған классикалық туындыларды көру бір сәт қиял әлемінде жүргендей әсер етуші еді. Сондай қойылымдарда негізінен басты рөлдерді сомдап жүрген Кеңес Жұмабековтей актерді өмірде көру, құрпана қоймай сабақ үстінде тікелей араласу – біз үшін бақыт еді. Көп ұзамай Кеңес ағаның назары Мақпал екеуімізге ауып, мені актерлік өнерге баулап, кішкентай Мақпалды болашақта үлкен әнші болуың тиіс деп ақыл-кеңесін бере бастады. Қысқасы, көп ұзамай мектеп бітіре салысымен, мен Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының актерлік бөліміне оқуға түстім. Бір жылдан кейін Мақпал Жүнісова А.Жұбанов атындағы музыка мектебіне оқуға келді.

«Жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесепат» деген халық даналығы осындайdan айтылса керек. Міне, енді бала күнде бір көрете арман болған Кеңес ағамен сахнада серіктес болып бірге тұмыр кешіп келеміз. Жалғыз біз емес, осыншама уақыт бойы қаншама жастар ағаның мейірім-шапағатына бөленді. Кеңкем күні бүгінге дейін бір балаңың бойынан жылт еткен тебіреніс көрсек болды, бар тірлігін тастай салып соны руханият әлеміне әкелуге жанын салып жүреді. Табиғатынан туа біткен қасиет қой!

Бүгінде Майра женгей екеуі – ұл-қыз өсіріп, неме-



ре сүйіп отырған бақытты Ата мен Әже! Ұл-қыздары да көптің батасын алып жүрген тәрбиелі де абыройлы балалар!

Жалпы, Кеңес аға жайлы айтылар әңгіме көп. Оның бәрін келер күннің еншісіне қалдырайын. Аға, ақсақалдық жасыңыз құтты болсын! Театрымыздың ұжымы, соныңыздан ертемді өнеріміз жастар Сізді жақсы көреді, қадірлейді!

Қайрат КЕМАЛОВ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, театр және кино актері

• ЧЕМПИОНАТ

# Голболдан Қазақстан чемпионы

Елімізде алғаш рет Астана қаласында 21 жасқа дейінгі жасөспірімдер командалары арасында голболдан республикалық чемпионат өтті. Кіл мықтылар бақ сынасқан долада жастар арасында I орынды Қарағандыдан барған команда иеленді.

«Басты қарсылас алматылықтар болды. Алайда, жерлестер оларды тізе бүктіре білді. Енді біздің спортшылардың алдағы жылы жастар Ұлттық құрамасы сапына кіріп, халықаралық алаңдарда ойнауға мүмкіндігі бар», – деп атап өтті облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы мамандары.

Жаттығу Елена Асланованың басшылығымен өтеді. Биыл мамыр айында қарағандылық голбол командасы алғаш рет ҚР Паралимпиада ойындарында өнер көрсетіп, қола еншілеген.

Голбол – көру қабілеті нашар адамдарға арналған спорт түрі. Ойынға үш адамдық команда қатысып, қарсыластың қоңырауы бар қақпасына допты тоғытуы тиіс.

• ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

# Жерлестер – жеңімпаз

Жеңіл атлетика мектебінің негізін қалаушы Александр Кирсановты еске алуға арналған турнир кеншілер шайарында алтыншы рет жалауын желбіретті. Жыл сайын турнирге қатысушылар саны артып келеді.

Түрлі қашықтыққа жүгіру, эстафета, ұзындық пен биіктікке секіруден 16-17 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар жарысты. Биыл еліміздің түпкір-түпкірінен қатысқан 100-ден астам спортшының алтау рекорд орнатты.

Рекордшылар арасында қарағандылық Нұржан Сейдахман (300 м) және Арина Малюгина (биіктікке секіру) бар. Олар Кирсановтар отбасынан ақшалай сыйлық алды.

Жеңімпаздар арасында аймақтан Ә.Молдағұлова атындағы мектеп-интернат тәрбиеленушілері Милана Зубарева мен Тимур Агеев, Олимпиадалық резервтегі облыстық балалар мен жасөспірімдер мектебінен Богдан Полищук, Теміртаудан Мария Тимченко бар.

• ФУТЗАЛ

# Ептілікпен келген екінші орын

Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті студенттерінен құралған командалар арасында футболдан ҚР чемпионатында II орынды жеңіп алды.

Барлығы 16 команда арасында сәтті өнер көрсеткен жерлестер финалдық ойында Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің спортшыларына есе жіберіп қойды.

Жерлес команда кубок һәм медальдармен, капитан Айдос Темірғали – естелік белгісімен және «Турнирдің үздік жартылай қорғаушысы» дипломымен марапатталды. Ал, бапкер Владислав Черномордовқа естелік белгі және «Турнирдің үздік жаттықтырушысы» дипломы табысталды.



Дайындаған Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

• ФЕСТИВАЛЬ

# Бала қиялындағы кино әлемі

«Сарыжайлау» кинотеатрында «Менің досым – кинематограф» деп аталған балалар фестивалі өтті. Бұл фестиваль жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылады. Мақсаты – кино өнерін танымал ету, әр баланы шығармашылыққа баулу, бос уақыттарын ұтымды ұйымдастыруға үйрету.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Фестивальге көркемдік, вокалдык, хореографиялық, артистік қарым-қабілеті бар, түрлі музыка аспаптарында ойнай алатын Қарағанды облысындағы орта білім беретін 30-дан астам мектептің оқушылары түрлі жанрдағы 100-ден астам жұмыстарымен қатысты. Суретшілер түрлі мультфильмдердің кейіпкерлерін бейнеледі. Жас әншілер фильмдердің саундтректерін орындап берді. Ал, кино түсіруге әуестеніп жүрген жеткіншектер шағын бейнероликтер дайындап әкеліпті.

– Биылғы фестивалге сурет көп түсті. Барлығының талабы зор. Ерекше ынтамен, ықыласпен салғандары суреттерден байқалады. 50-ден астам туынды тапсырылды. Біз Қарағандымен ғана шектелген жоқпыз. Шалғай ауылдардан да осындай дарынды балалардың қолында. Сол себепті, өнерлі өренге барынша қолдау көрсетугіміз тиіс, – деді «Сарыжайлау» кинотеатры директорының орынбасары Ноян Жүнісов.

• «ЖҰЛДЫЗ – 2023»

# Арқа аспанында жұлдыздар жарқырады

Қарағандыда республикалық X «Жұлдыз-2023» эстрадалық әншілер байқауы өтті. Кеншілер шайарына еліміздің түпкір-түпкірінен қатысушылар келді. Қазылар алқасының төрағасы – «Музарт» тобының әншісі, отандық эстрадалық жарық жұлдызы Сәкен Майғазиев. Іріктеу екі күнге жалғасты.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

«Жұлдыз-2023» эстрадалық ән орындаушыларының республикалық байқауына биыл 43 өтінім келіп түскен. Алғашқы айналымда қазылар онлайн негізде 21 қатысушыны екінші айналымға іріктеп алыпты. Түркістан, Алматы, Атырау қалаларынан келген қатысушылардың бәрі іріктеуден өткендер. Қазылар алқасының төрағасы Сәкен Майғазиев биыл дарынды әншілер көп екенін және арасынан үздіктерді таңдау оңайға соқпағанын атап өтті.

– Барлық қатысушыларға сәттілік тілеймін. Әрбір өнерпаздың өнерін қашанда жоғары бағалаймыз. Әрбір қатысушыға әділ бағасын береміз. Шын дарын жеңімпаз болғаны абзал. Бұл – үлкен мәнге ие байқау. Жыл сайын қатысушылар саны артуда. Ел ішінде көзге түспей жүрген небір әншілер

көп. Солар осындай байқауларда көріне білсе деген тілек бар. Таланттарды жарыққа шығару қажет. Халық білісін. Бүгінгі эстрада шын таланттармен толығуы тиіс, – деді Сәкен Майғазиев.

Еліміздің түпкір-түпкірінен келген жас әншілерге мәдениет жанашыры, «Парасат» орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова да сәттілік тіледі.

– Барлық қатысушыларға тілектеспі! Байқауға қатысушылардың барлығы да – талантты. Өз өңірлерінің жарық жұлдыздары. Дегенмен, жеңімпазды анықтау қажет. Шын мықты жеңіске жетсін. Осы байқау арқылы небір талантты әншілеріміз шыға берсін! – деді Рымбала Омарбекова.

Эстрадалық әндер орындаушыларының өнеріне Сәкен Майғазиев, Саят Әбдіғали, Меруерт Мүсірәлі сынды белгілі әншілер қазылық етті.

Байқауда Ақмола, Түркістан, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Атырау, Павлодар, Абай, Ұлытау, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарынан және Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан 21 үміткер өнер көрсетті.

Қазылар III орын, II орын, I орын, БАС ЖҮЛДЕ, Дипломант және «Көрермендер көзайымы» мен Люция Төлешова атындағы Арнайы жүлде иегерлерін анықтады. Барлық қатысушыларға Алғыс хаттар мен арнайы сыйлықтар берілді. Ал, жүлде иегерлеріне диплом, ақшалай сыйлық, «Жұлдыз-2023» арнайы кубогы және гүл шоқтары табысталды. Қазылар алқасының төрағасы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәкен Майғазиев ерекше көзге түскен өңшегі өзінің атынан арнайы сыйлық берді.

Қазылар алқасының шешімі бойынша Бас жүлде Атырау облысынан келген Ерназар Жұбанға бұйырды. Бас жүлде иегеріне бір миллион теңге қаржылай сыйлық берілді. I орын – Алматыдан келген Алмагүл Батталиеваның қанжығында. II орын – Жамбыл облысынан келген Қымбат Жамбылбекте. Қарағандының намысын қорғаған Айзада Бакраева жүлделі III орыннан көрінді.

Гала-концертте қазылар алқасының төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәкен Майғазиев, I республикалық «Жұлдыз-2008» байқауының бас жүлде иегері, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық академиясының «Музыкалық-өнер» факультеті, «Эстрадалық вокал» кафедрасының аға оқытушысы Меруерт Мүсірәлі, Республикалық «Жұлдыз-2011» байқауының бас жүлде иегері, халықаралық республикалық байқаулардың лауреаты, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің солисі Арайлым Жүкенова, халықаралық республикалық байқаулардың лауреаты Ербол Тәжібаев, II Республикалық «Жұлдыз-2009» байқауының бас жүлде иегері Ермек Медемов ән шырақын.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауағарға Ақрағат» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА  
Директордың орынбасары –  
«Индустриальная Караганда»  
газетінің бас редакторы –  
О.В. МЯГКИХ  
Директордың орынбасары –  
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактор –  
Е.К. МҮСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары –  
Қ.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы –  
І.Д. МҰҚАЙ  
Жауапты хатшы –  
Ж.Қ. ШАЛҚАР

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Прозергес: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJZKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 395

№ 135 тапсырыс. Индекс 65484  
Оффсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арқо» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор ЕРҚАНАТ КЕҢЕСБЕКҰЛЫ